# SARYARQA

2 sáýir
2021 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№12 (8224)



KÚN TÁRTÍBİ
НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ
2-бет

DÚBİR
АУМАҚТЫҚ КЕҢЕСТЕР ҚҰРЫЛДЫ
3-бет

KELBET
«ӨЛЕҢІНІҢ ӨРНЕГІ ӨЗГЕШЕ АҚЫН»
4-бет

QOǴAM
АНА КӨРКІ – КИМЕШЕК
5-бет


БӘРЕКЕЛДІ!

## «ЕЛБАСЫ МЕДАЛІ» ЖОБАСЫНАН – ЖҮЛДЕМЕН

***Тұңғыш Президент қорының қолдауымен бастау алған «Елбасы медалі» жобасының қола жүлдегерлерін марапаттау салтанаты №8 қазақ гимназиясында өтті.***

Дарынды балаларды анықтап, өскелең ұрпақты қолдау және ынталандыруды мақсат тұтқан жобаға Қарағанды облысынан барлығы 219 жас қатысса, оның 124-і білімі мен табандылығының арқасында жеңіске жеткен. Облыс мақтаныштарын құттықтаған аймақ басшысы Жеңіс Қасымбек қарағандылық жастарға «Елбасы медалін» тапсырса, Жезқазған қаласының білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов мысты қала дарындарын қабылдады.

– Спорт, дарын мен дағды, кітап оқу, ұлттық мұра, волонтерлік, экспедициялар мен жорықтар, еңбек практикасы атты жеті бірдей бағдарламадан тұратын «Елбасы медалі» жобасына 14 пен 29 жас аралығындағы 6 жезқазғандық қатысты. Олардың бәрі берілген тапсырмаларды орындай отырып, қола медаль игері атанып отыр. Саят Абдулла, Зере Әлиақпарова мен Ұлжан Зейдін, Дидар Зейітқазиева мен Аружан Мейрамқызы, Жанел Шайманова – біздің мақтаныштарымыз. Жеңімпаздардың алды еліміздің іргелі оқу орындарында білім алып жүрсе, Ұлжан №8 қазақ гимназиясының 10-сыныбында оқиды, – деген Жеңіс Едігеұлы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бейнеленген қола медалін табыстады да жоба қатысушылары алдағы күміс пен алтын медальді сарапқа салатын кезеңдерден сүрінбей өтеріне сенім артты.

– Талай білім додаларына қатысып жүрген Ұлжанымыз – Алтын медальға үміткер. Ол аталмыш жоба туралы әлеуметтік желіден біле салысымен, қатысуға бел буды. Алты ай бойы берілген тапсырмаларды мүдірмей орындап, міне, бүгін еңбегінің жемісін көріп отыр. Жобаның күміс және алтын медалін жеңіп алуға да бекініп отырған Ұлжанға, сонымен бірге гимназияның бұрыңғы шәкірттері Дидар мен Зереге де сәттілік тілеймін, – деді марапаттау салтанатында сөз алған гимназия директоры Сара Әбдікерова.



Жас буынды жан-жақты дамытуды көздейтін ұлттық деңгейдегі бірегей бағдарлама «Елбасы медалі» жобасының жеңімпаздарына жоғары оқу орнына түсу кезінде басымдылық беріледі.

**Бота ШАЛҚАР**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ 2020

## БАСПАНАЛЫ БОЛУҒА МҮМКІНДІК МОЛ

***Бүгінде халықты баспанамен қамтамасыз ету және олардың өмір сапасын арттыру – кез келген мемлекеттің тұрақты әрі маңызды міндеттерінің бірі. Сондықтан, біздің елімізде 2005 жылдан бері тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру бағытында ауқымды шаралар қабылдануда.***

Алғашқыда тұрғындардың баспана тауқыметін шешуге бағытталған «Тұрғын үй құрылысының 2005-2011 жылдарға арналған бағдарламасы», «Қолжетімді тұрғын үй – 2020», «Нұрлы жол» және «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары жүзеге асырылса, қазір көппәтерлі үйлер құрылысы мен жеке тұрғын үй құрылысын дамыта отырып халықты қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету мақсатында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған. Аталған бағдарламаның басты ерекшеліктері жайында Жезқазған қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Нұрбол Садықов айтып берді.

– Жалпы, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бірінші кезекте көп балалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету көзделген. Бұл – Елбасы мен Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы. Тапсырма бүгінгі таңда сәтті орындалып та жатыр. Мәселен, 2020 жылдың өзінде қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі республикалық және қалалық бюджет есебінен жалпы құны 182 962 771 теңгеге 21 пәтер сатып алды. Пәтерлер тұрғын үй кезегінде тұрған алтын, күміс алқалы, батыр аналарға, сондай-ақ, І, ІІ дәрежелі «Ана даңқы» ордені иегерлері мен көпбалалы аналарға сатып алу құқығынсыз жалға берілді. Жалдау құны орта есеппен 14 мың теңге, – деген жауапты маман 2021 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша тағы 60 отбасы қоныс тойын тойлайды деп сендірді. Құрылысы аяқталған Алаша хан даңғылы 34Д мекенжайындағы көп қабатты тұрғын үйдің пәтерлері баспанасыз жүрген халықтың әлеуметтік осал тобы, яғни жетім балалар, көпбалалы, мүгедек бала тәрбиелеп отырған және аз қамтамасыз етілген, толық емес отбасылар арасында үлестіріледі. Жыл соңына дейін пайдалануға берілуі тиіс Алашахан даңғылындағы №34И тұрғын үйдің 30 пәтері де жоғарыда аталған санаттағы тұрғындарға жалға берілмек.

Жалға берілетін пәтерлер – мемлекеттің меншігі. Сондықтан, баспананы жеке өз атына түсіруге рұқсат жоқ. Дегенмен, басыбайлы баспаналы боламын дейтін тұрғындарға «Отбасы банкі» арқылы жеке үй алуға болады. Оған табысы мен жинақтары бар азаматтар қатысады. Тұрғын үй кезегіне тіркелген тұрақты табысы бар тұрғындар «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында несиелік пәтер рәсімдей алады.

►►*5-бетте*

КӨКЕЙКЕСТІ

## ЕСКІРГЕН және АПАТТЫ ҮЙДЕГІЛЕР КӨШІРІЛЕДІ

***Жезқазған – облыстағы үйлері ең ескірген қала қатарына жатады. Мұндағы тозығы жеткен тұрғын үйлердің 70%-ы біздің қалаға тиесілі. Сонымен қатар, техникалық сараптама нәтижесі бойынша 26 көп пәтерлі тұрғын үй апаттық жағдайда деп танылып отыр. Осыған байланысты қала әкімдігі өткен жылдың соңында 2020-2025 жылдар аралығында апатты және тозығы жеткен үйлердің тұрғындарын көшіру жөнінде арнайы бағдарлама әзірлеген болатын. Қалыптасқан жағдай бұл жұмысты жеделдетіп шешуді талап етуде. Сондықтан, қала әкімі тұрғындардың үдере көшуін бастау үшін үстіміздегі жылдың 1 наурыздағы шешімімен апаттық үйлер бойынша жергілікті ауқымдағы техногендік сипатта төтенше жағдай жариялады. Біз «Жезқазған қаласының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-нің басшысы Алиса САҒЫМБАЕВАДАН осы аса күрделі шаруаның қазірде қалай шешіліп жатқаны жайлы сұрастырған едік.***

Қала әкімдігі қабылдаған 2020-2025 жылдарға арналған бағдарлама бойынша 6 жылдың ішінде апатты және ескі деп танылған 149 көп пәтерлі үйдің тұрғындарын көшіру көзделіп отыр. Бұл – негізінен қаланың ескі бөлігіндегі осыдан 65-70 жылдай бұрын салынған үйлер. Тұрғындарды көшіру жылжымайтын мүлікті реквизициялау жолымен (жеке адамдардың мүліктерін мемлекеттің қарамағына алуы) тұрғын үйдің нарықтық құны бойынша өтемақы төлеу тәртібімен жүзеге асырылады. Бағдарламаға сәйкес өтемақы төлеуді қамтамасыз ету үшін 6,4 млрд теңге қаржы қажет. Бұл іске облыс әкімі тарапынан да айтарлықтай қолдау көрсетіліп, қаржы мәселесі шешіліп отыр. Осыған орай өткен жылы апаттық жағдайдағы 9 үйдің 68 пәтеріндегі тұрғындарын көшіру жұмыстары басталып, 57 пәтер иелеріне 254 млн теңге өтемақы төленді. Араларындағы жекешеленбеген пәтер тұрғындарына коммуналдық тұрғын үй қорынан жалдау шартымен баспана беру қарастырылуда. Алайда, бірен-саран тұрғын әкімдік тарапынан ұсынылған талаптарға толық келіспей, қоныс аудару мәселесі созбақталатын түрі бар.

Тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы А.Сағымбаеваның айтуынша, биыл барлығы 259 пәтерді қамтитын 24 апатты және ескірген үйдің тұрғындары көшіріледі. Жеке меншік құқығы рәсімделген 250 пәтер иелеріне жылжымайтын мүлікті бағалау құны бойынша өтемақы төленеді. Ал, пәтерлері жекешелендірілмеген 9 отбасына коммуналдық тұрғын үй қорынан жалдау шартымен тұрғынжай беріледі. Өтемақы тұрғындардың бұдан әрі қауіпсіз, қолайлы үй сатып алулары үшін базалық қаражат болып табылады. Алайда, көптеген келіспеушіліктер осы өтемақы төңірегінен шығып отыр. Қазір үй иелеріне түсіндіру жұмыстары жан-жақты жүргізілуде.

Осы жағдайға қаныққан соң біз биылғы жылы қоныс аударуға жататын біраз үйлерді аралап, тұрғындармен тілдесуді жөн көрдік. Шындығын айтқанда, пәтер иелерінің көпшілігі бұл жағдайға алаңдаушылық білдіріп, көңілдері күпті болып отырғаны байқалады. Негізінен олар үйді бағалау құны бойынша төленетін өтемақыға қазіргі жағдайда бір бөлмелі пәтер де келмейтінін айтып, көпшілік отбасының ипотека алуға мүмкіндігі жоқтығын алға тартады. Солардың бірі Байқоңыров көшесіндегі № 30 үй, 4-пәтер тұрғыны Денис Давыдов бұл жоба аяғына дейін дұрыс ойластырылмаған деп санайды.

– Бізге өтемақыға 3,5 млн теңге бермекші деп естідік. Қазір Жезқазғанда екі бөлмелі пәтердің өзі 8 млн теңгеден кем емес. Баға осы бір-екі айдың ішінде күрт өсіп кетті. Сондықтан, тұрғын үйдің қазіргі таңдағы қымбаттауына байланысты қайта бағалануы керек. Әйтпесе, бұл жағдайда әлжуаз топқа жататын отбасылар баспанасыз далада қалады. Ең қолайлысы, бос ада көшіретін болса, қазіргі тұрағымыздың бөлмесіне сай баспа-бас пәтермен қамтамасыз етсін, – дейді ол.

Абай көшесі №55 үйдің 5 және 6-пәтерлері тұрғындарының да айтарлары осыған ұқсас. Ахат Исатов деген азаматтың ағасы берген екі бөлмелі пәтерге кіргеніне бес жыл болған екен. Бес жан тұрады, жұмыс істейтін – өзі ғана. Корпорацияның құрылыс саласында еңбек етіп, қолына алатын жалақысы 170 мың теңге көлемінде. Айлықтың 60 мыңы несиесін жабуға кететін көрінеді. Ол мұның үстіне баспана үшін ипотека алу мүмкіндігі жоқтығын айтады.

►►*4-бетте*

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

## ЖҰМЫС БАРЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

***Мысты шаһардың бүгінгі және болашақтағы жағдайы, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен тұрғындарды алаңдатқан негізгі мәселелер легі қалалық қоғамдық кеңес талқысына түсті.***

Онлайн форматта өткен қоғамдық кеңестің күн тәртібінде көтерілген алғашқы мәселердің бірі – қаланың абаттандырылуы. Өз баяндамасында қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов күн жылы сала көп- қабатты үй аулаларына жаңадан балалар ойын алаңдары салынатынын және ескілері қайта жөнделетінін жеткізді.

Сондай-ақ биыл инженерлік-коммуникацияны жаңарту жолға қойылмақ. Соған сай электрмен, сумен, жылумен жабдықтау жұмыстарына қалалық бюджеттен 52 млн теңге бөлініп отыр. Оның ішінде сыртқы сумен жабдықтау және су бұру жұмыстарына – 24,8 млн теңге бөлінсе, сыртқы жылумен жабдықтау желілеріне – 6,8 млн теңге, ал сыртқы электрмен жабдықтау жұмыстарына 11,4 млн теңге қарастырылған. Қалалық бюджеттен бөлінген 3,5 млн теңге көлеміндегі қаражатқа абаттандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

Қала туралы сөз қозғалғанда басты назар аударылатыны – оның сырт келбеті мен архитектуралық кесіні екені белгілі. Қаламыздағы моралдық жағынан тозған және аппаттық жағдайдағы тұрғын үйлердің саны 149-ға жеткен. Абай, Байқоңыров, Шевченко, Аманжолов, Холмецкий көшелері бойында орналасқа ескі үйлер тұрғындар өмірі үшін де қауіпті. Алдағы уақытта екі қабатты тұрғын үйлер сырылып, орнына заманауи үлгідегі көп қабатты тұрғын үйлер салыну жоспарлануда. Қазіргі таңда тұрғындары өтемақы алып, босатылған Шевченко көшесіндегі №17 үй толық бұзылды. Оның орнына 5-қабатты, 15-пәтерлі тұрғын үй салу жоспарлануда. Енді кезекте – Байқоңыров көшесіндегі 24, 38 үйлер.

– Қала келбетін жандандыру мақсатында тұрғын үйлердің қабырғасына әр түрлі тақырыпта муралдар салынбақ. Жеңіс көшесіндегі 11А, 3А тұрғын үйлерінің қабырғаларына Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев, Маншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова тәрізді қазақ халқының батыр ұл-қыздарының суреттері салынса, Сәтбаев көшесіндегі 95-үйдің қабырғасына академик Қаныш Сәтбаевтың бейнесін салу жоспарлануда, – деген сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Махмұд Смайылов қала көшелері мен гүлзарлар абаттандырылып, басты көшелердегі аялдамалар да заманауи үлгіде жаңартылатынын жеткізді.

Одан әрі сөз алған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлзада Шомаева 2021 жылы «Наурыз» саябағында қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлына арналған еңселі ескерткіш бой көтеретінін, сондай-ақ, «Руханият аллеясы» салынып, онда аймағымыздан шыққан республикаға белгілі әр түрлі сала мамандары мен қоғам қайраткерлерінің есімі жазылған тақталар орналасатынын айтты.

Қоғамдық кеңес барысында көпбалалы аналарға көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдау шаралары сөз болды. 2019 жылға қарағанда өткен жылы мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек алатындардың саны азайғанын жеткізген қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ләйла Әлкебаева мұның басты себебі жәрдемақы алу талабының өзгерімен байланысты екенін айтты. Бұған дейін баласы жеті жасқа келгенге дейін анаға жұмысқа шықпауға болатын. Бүгінде баласы үшке толысымен ана жұмысқа орналасып, табыс табуы шарт.

Соңғы кездері қалада жол-көлік апаттары өршіп тұрғаны рас. 2020 жылы 31 жол-көлік апаты орын алған. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 5 фактіге артқан. Жыл басынан бері жол-көлік оқиғасынан екі адам көз жұмып, тағы алтауы түрлі жарақат алғанын алға тартқан Жезқазған қаласының полиция басқармасының бастығы Ерлан Есжановқа қала әкім Қайрат Әбсаттаров бірқатар міндеттер жүктеді.

Қоғамдық кеңес отырысында қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова, қала құрылысы бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетова да өз салалары бойынша баяндама жасады. Қоғамдық кеңес мүшелері Қадір Үңгітбаев, Жүрсінбай Лекеров, Валентин Куприянов пен кеңестің төрағасы Сағындық Қожамсейітов баяндама жасаған жауапты мекеме басшыларына Жезқазғанның көркін кіргізу, тұрғында-

COVID-19

***COVID-19 ауруы қайта күшейген тұста алдымен сақтық шараларына баса назар аударған жөн. Қолды әрдайым жуу, адамдар көп жиналған жерлерге бармау, әлеуметтік арақашықтықты сақтау, әрдайым маска тағып жүру – аурудың алдын алуға және қауіпті дерттен сақтануға мүмкіндік тудырады. Тұрғындарды коронавирустан сақтандырып, оларға нақты ақпарат беруде қаламыздағы отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың ақ халаттылары үздіксіз еңбек етуде.***

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АРҚЫЛЫ САҚТАНДЫРДЫ

Науқастарды қабылдап, тиісті ем-дом көрсетуден бөлек, әр апта сайын әлеуметтік желілер арқылы тілкелей эфир ұйымдастырып, тұрғындар сауалына жауап беру де – жезқазғандық дәрігер мамандардың қалыпты дағдысына айналған. Апта басында «Мәкенбаева» ОДА-ның гинекологі Лариса Адушкина «COVID-19 ауры кезіндегі жүктілік» тақырыбында маңызды мағлұматтарымен бөліссе, «Әбілдинова» ОДА-ның директоры Әдиша Әбділда аурудың жұғу жолы мен одан сақтану туралы кеңінен тарқатты. Тікелей эфир арқылы ауруға қатысты негізгі және нақты ақпараттармен бөліскен мамандардың бірі – Жезқазған жоғары медициналық колледжінің инфекциялық аурулар пәнінің оқытушысы Гүлнәр Көшекова.



– Былтыр осындай уақытта бүкіл әлем бұрын көрмеген қауіпті дерт салдарынан сергелдеңге түсіп, абдырап жатты. Аурудың қайдан, қалай пайда болғаны әлі де белгісіз. Бір мезетте ауру жұқтырғандар саны күрт артып кетті. Ауруханаларда орын болмады. Дәрігерлер мен дәрі-дәрмек қоры жеткіліксіз болды. Тіпті медициналық маска табудың өзі мұңға айналды. Кейіннен COVID-19 вирусы SARS-COV вирусына 70 пайыз ұқсайтыны анықталды. Қазіргі таңда аталған аурудың жаңа штампы пайда болуда. Әрине, бұдан сақтанудың бірден бір амалы – жеке бас тазалығын қатаң ұстану және вакцина салдыру. Вакцина салу ерікті түрде жүзеге асады. Екпе алу арқылы адамда ауруға қарсы жаңа иммунитет қалыптасады. Бұл ауру вирусының ауа-тамшы жодары арқылы сөйлескенде, түшкіргенде, жөтелгенде, сілекей бөлінгенде жұғу қаупі аса жоғары, – деген ол тікелей эфир барысында COVID-19 вирусының клиникалық көріністері, ауру белгілері, қоздырғыштардың құбылмалылығы мен өзгергіштігі және емдеу жолдары туралы кеңірек мәлімет берді.

Салауатты өмір салтын ұстанып, дәрумендерге бай жеміс-жидектер мен көкөністерді, құнарлы тамақтарды пайдалануға кеңес берген ол ауру белгілері сезілген жағдайда өзге адамдардан оқшауланып, дереу 103-ке хабарласу керегін ескертті.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

«ЖСЖК» АҚ ХАБАРЛАЙДЫ

### АУЫЗ СУ ТОҚТАЙДЫ

«Жылу және сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ Әкімшілігі Жезқазған қаласының, Қостанкелді, Бекболатсай елдімекені, Талап, Кеңгір ауылының тұрғындарына, сонымен қатар өнеркәсіптік кәсіпорындары мен мекемелердің басшыларына, жеке кәсіпкерлерге **2021 жылғы 8 сәуір сағат 0:00-ден** бастап **9 сәуір сағат 12:00-ге дейін,** гидроцех жабдықтарына және қалалық желідегі жапқыш арматураларға күрделі жөндеу өткізуге байланысты шаруашылық ауызсу берілуі толықтай тоқтатылатыны туралы хабарлайды.

Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұрай отырып, қажетті су қорын жинап алуларыңызды сұраймыз.

АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

### БУДЕТ ПРИОСТАНОВЛЕНА ПОДАЧА ВОДЫ

В связи с проведением планового текущего ремонта технологических сетей, оборудования гидроцеха и замены запорной арматуры на городских сетях, АО «Предприятие тепловодоснабжения» доводит до сведения жителей г. Жезказгана, поселков Костанкелды, Бекболатсай, село Талап, Кенгир, а так же руководителей промышленных предприятий и организаций, частных предпринимателей о том, что с **0:00 часов 8 апреля** до **12:00 часов 9 апреля 2021 года** будет полностью приостановлена подача хозпитьевой воды.

За временные неудобства приносим извинения и рекомендуем произвести необходимый запас воды.

## SARYARQA-АҚПАРАТ

### МӘЖІЛІС КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДАҒЫ САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН СЕНАТҚА ЖІБЕРДІ

***Мәжіліс «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» заң жобасын екінші оқылымда мақұлдады.***

Құжатты Мәжілістің экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі Абилфас Хамедов таныстырды. Депутат аталмыш құжат Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары аясында әзірленгенін атап өтті.

Заң жобасы 2021 жылдың 17 наурызында бірінші оқылымда мақұлданған болатын. Екінші оқылымға дайындау кезінде алғашқы оқылымда депутаттар қосқан түзетулер ескерілді. Заң жобасының күші жүрмейтін оқиғалардың түбегейлі тізімі жасалды. Квазимемлекеттік сектор нысандарындағы мемлекеттік сатып алуларға шағым түсірген өтініш берушілерге жауап берудің нақты мерзімі қайта қаралды. Тапсырыс берушінің әлеуетті жеткізушіден конкурс құжатын өткізіп, ашқаннан кейін қосымша құжаттар талап етуіне тыйым салу, «сатып ауларды ұйымдастырушы» дейтін ұғым енгізу, сатып алулардың сенімсіз қатысушыларының тізімін қалыптастыру, уәкілетті органды квазимемлекеттік сектордың жекелеген нысандарындағы сатып алулар кезінде елдегі барлық заңнаманың сақталуын қадағалаушы ретінде бекіту туралы ұсыныстар қайта қаралды, – деді депутат.

Абилфас Хамедов құжатта жеткізушілердің мүддесін қорғау үшін орындалған келісімшарттар бойынша жеткізу ақысын 30 жұмыс күнінің ішінде толық төлеу керек деген мерзімді бекітілгенін атап өтті.

Сондай-ақ әлеуетті жеткізушілерді ережелермен сатып алуға қатысуын шектеудің жолы кесілді. Мұның бәрі заң деңгейінде алдын-ала ойластырылды. Бұл заң жобасы бойынша жұмыс тобы 15 отырыс өткізді. Депутаттар енгізгі 155 түзету барлық мүдделі органдар мен ұйымдардың қатысуымен жан-жақты талқыланды, – деді комитет мүшесі.

Заң жобасын дауысқа салған депуттар құжатты екінші оқылымда тұтастай мақұлдап, Сенатқа жіберу туралы шешім қабылдады.

### АЛМАТЫДА ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ ИНТЕРАКТИВТІ КАРТАСЫ ЖАСАЛАДЫ



***Алматыда құрылыс нысандарына мониторинг жүргізудің интерактивті картасы жасалады. Бұл ҚР Президентінің тапсырмасына сәйкес интернет-ресурс геопортал базасында әзірленетін болады.***

Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының мәліметінше, интерактивті режимде көппәтерлі тұрғын үй кешендері мен жеке тұрғын үй құрылыстары туралы ақпарат алуға болады.

Қазіргі кезде интерактивті картаны әзірлеу үшін 94 көппәтерлі тұрғын үй кешені бойынша ақпарат жинақталды.

Базада мына мәліметтер болады:

– жобаның атауы;
– құрылыс нысанының түрі, көппәтерлі тұрғын кешенінің немесе жеке үйдің құрылысы;
– кадастрлық нөмірі;
– келісілген эскиздік жобалар туралы мәлімет;
– АЖТ алғандығы туралы мәлімет;
– құрылысты салушының атауы;
– құрылыстың басталғаны және қашан іске қосылатыны туралы мәлімет;
– автолық/техникалық қадағалау;
– нысанның қай аймақта орналасқаны туралы мәлімет;
– қаржыландыру көзі;
– қанша қабат;
– салынатын алаңы м2;
– ғимарат саны;
– пәтер саны;
– құрылыстың барысы туралы фотосуреттер.

Бүгінде интерактивті картаны толтыру үшін жеке тұрғын үй құрылысы туралы ақпарат жиналуда. Кейін мәліметтер базасы ай сайын онлайн режимде жаңарып отыратын болады.

Басқарма интерактивті картаның интерфейсін реттеп, оларды тақырыптар бойынша қажетті мәліметтермен толтырды. Ақпаратты жеңіл әрі тез қабылдау үшін дизайны жасалып жатыр. Сондай-ақ барлық нысандардың «құрылыс паспорты» жасалып, оларды геопорталдан жүктеу мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

Бұдан бөлек, құрылысқа мониторинг жүргізудің интерактивті картасы жасалды. Осының арқасында азаматтар мен девелоперлер құрылыс қарқынын мобильді құрылғылар және компьютерлер арқылы бақылай алады.

Қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыру үшін жобаларды басқару тетіктері енгізілуде. Файлдар мен жобалық құжаттамаларды бір орталықта сақтау үшін GantPro online-платформасы тестілік режимде жұмысын бастады. Жобалық тәсілді қолдану «проблемалық» объектілерді жедел анықтауға және шұғыл шараларды қолдануға көмектеседі.

### ЖҰМЫРТҚА НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?



***ҚР Сауда және интеграция министрлігі жұмыртқаның неліктен қымбаттағанын түсіндірді.***

Министрліктің баспасөз қызметі таратқан ақпараттарған қарағанда, 2021 жылдың 25 наурызындағы жағдай бойынша апта сайынғы статистикалық деректерге сәйкес ел өңірлерінде 1-санаттағы он жұмыртқаның бағасы 340 теңгеден бастап 485 теңгеге дейін құбылады. Жыл басынан бері бағаның өсуі 11,9%-ды құрайды.

Естеріңізге сала кетейік, мемлекет бағаны реттей алатын әлеуметтік маңызы бар тауарлардың тізіміне тек 1-санаттағы жұмыртқа ғана жатады. Бағаның өсуінің негізгі себебі құстардың 2020 жылы тұмаудан қырылуы себеп болып отыр. Соның слдарынан 2020 жылы жұмыртқа өндірісі 8,4%-ға қысқарды.

Қазақстанның жұмыртқа өндірушілері қауымдастығының деректері бойынша тұмау салдарынан 2,6 млн. мекиен тауық қырылған. Бағаның өсуінің екінші себебі – жем-шөптің қымбаттауы (оның ішінде жемдік астық). Жыл бойы жем-шөптің құны 54.4%-ке ұлғайды.

«Өңірлерде бағаның одан әрі өсуіне жол бермеу мақсатында жұмыртқа өндіруші компаниялар мен сауда объектілері (дүкендер, сауда желілері) арасында жұмыртқа сөрелеріне тікелей жеткізу және сатудың тіркелген бағасын қамтамасыз ету туралы меморандумдар жасалады. Әкімдіктер басқа да әлеуметтік маңызы бар тауарлар бойынша осындай жұмыстар жүргізуде», – делінген хабарламада.

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАУ – ҰЛАҒАТТЫ ІС

***ҚР Парламент Сенатында «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған Парламенттік тыңдау өтті. Онда бүгінгідей технология қарыштап дамып, әлемдегі ақпараттық шекаралар ысырылып, әр ұлтқа тән өзіндік мәдениет жұтылып бара жатқан жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды қаймағын бұзбай сақтап, келер ұрпаққа дәріптеудің маңызы сөз болды.***

Әлемнің заманауи даму құбылыстары қарқынды жүріп жатқан тұста қазақтың ұлттық құндылықтарын ұлықтаудың қажеттілігі арта түскенін айтқан Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Парламенттік тыңдаудың осы өзекті әрі маңызды мәселеге арналып отырғанын атап өтті. Отырысты ашқан Палата Спикері қазаққа тән құндылықтар жүйесін азаматтарымыздың, әсіресе өскелең ұрпақтың бойына сіңірудің оңтайлы жолын табуымыз қажет екенін айтты.

– Бұл ретте негізгі салмақ білім беру саласына түсетіні сөзсіз. Білім беру оқу бағдарламасын түсіндірумен ғана шектелмегені жөн. Біздің ұлттық танымда білім әрдайым тәрбиемен қатар жүрген. Сондықтан бала адамдық әліппесін ата-анасымен қатар мектептен үйренгені шарт. Білім мекемелері жанашыр, адал, жауапты, еңбекқор болуды ерте жастан баланың бойына сіңіруі тиіс. Сол себепті, оқу бағдарламасына ұлттық құндылықтарды дәріптеу сабақтарын қосып, оны жаңаша жасақтау мәселесін қараған жөн болар еді, – деді М.Әшімбаев.

Ұлтымызға пайдалы әлемдік үрдістерді төл мазмұнмен байытуды мақсат етуге шақырған Сенат Спикері бұл бағытта интеллигенцияның алатын орны ерекше екеніне сенім білдірді.

– Қай заманда да зиялы азаматтарымыз қоғам үшін бағдар болған. Алдыңғы аға буын осы бағыттағы миссиясына адалдық танытып, әрдайым ұлтымыздың үні, қорғаушысы болып келеді. Сол үшін оларға алғысымызды білдіреміз. Ендігі кезекте, елімізде зиялы қауымның жаңа буынын қалыптастыруды өзекті мәселелердің бірі деп есептейміз. Олар XXI ғасырда ұлттық құндылықтарды сақтаушы және насихаттаушы болуы қажет, – деп атап өтті М.Әшімбаев.

Бұл мәселенің елдік мүдде тұрғысынан маңызы аса зор екенін жеткізген Сенат Төрағасы Парламенттік тыңдаудың қорытындысы бойынша арнайы ұсынымдар дайындалып, олар Үкіметке және тиісті министрліктерге жіберілетінін жеткізді.

Жиында сөз алған Сенат депутаты Бақытжан Жұмағұлов іс-шараның қазіргі күрделі кезеңде ұлттық құндылықтарымызды айқындап, қиындықтарды жеңуге бағытталып отырғанын баса айтты. Ұлттық менталитетті дамыту үшін жаңа көзқарастар, жаңа бағдарламалар қажет екенін, алда XXI ғасырда рухы биік, әлем мәдениетімен бәсекеге түсе алатын кемел ұрпақ тәрбиелеу мен оларды еңбекқорлыққа баулу міндеті тұрғанын атап өткен депутат технология мен жаһандану дәуірінің қаупіне де тоқталып өтті.

– Коронавирус індетіне, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз «идеологиялық вирустар» да таратыла бастады. Жалған ақпараттар сол вирусты әлеуметтік желілер арқылы шұғыл таратып жібереді. Сондықтан «Әлеуметтік желілер туралы» заң қабылдау қажет деп білеміз. Бұл сөз бостандығын шектеу үшін емес, әлеуметтік желі жүйесін заңнамалық тұрғыда реттеу және олардың құрылтайшыларының заң алдындағы жауапкершілігін көтеру үшін қажет, – деді Б.Жұмағұлов.

Бақытжан Жұмағұлов қазіргі заманда жаһандану процесі ықпалынан тыс қалу мүмкін болмаса да, барлық күш келер ұрпақтың тарихи танымын арттырып, ел мен жер, әдебиет және имандылық, ұлттық дәстүр мен отбасы құндылықтарын нығайтып, білім мен біліктілігін арттыруға бағытталуы керек екенін алға тартты.

Алқалы жиында сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет құқыққа негізделген, зиялы, ашық қоғам құру жолында жаһанданудан тыс қала алмайтынымыз ақиқат екенін сөз етті.

– Мәдениетті, ұлттық құндылықтарды қорғау дегеніміз – есік-терезеңді бекітіп алып, тас бүркеніп отыру емес, – деді ол. Ұ.Есдәулеттің айтуынша, технологиялық қоғамда төл мәдениетіміз бен ұлттық санамызды сақтап қалу үшін өзіміздің ішкі рухани ресурстарымызға, ең алдымен ұлттық құндылықтарымызға жүгінуіміз керек. Ал мемлекеттік идеологиямыз ұлттық мұрат тұрғысынан қалыптасуы тиіс. Ол өз сөзінде ұлттық дүниеге қатысты іс-шараларға, ауқымды жобаларға қаржы бөлу мәселесіне баса назар аударуды ұсынды.

Ұлттық мәдениетіміз бен құндылықтарымызды сақтап қалу үшін жастар тәрбиесіне баса мән беру керек екенін алға тартқан республикалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әкелер институтын дамыту керек деген пікіріне толықтай қосылатынын жеткізді.

– Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда әкенің беделі төмен түсті. Оған себеп, Кеңес Одағы тұсында еркек пен әйел тең құқылы деген бағытқа еріп, ұлттық дәстүрімізден алшақтасақ, егемен ел атанғанда гендерлік саясат отбасында әкенің абырой-беделін одан сайын құлдилатып жіберді. Қазақ қоғамында бұрын әкенің беделіне ешқашан сызат түспеген. Қай кезде де әкенің айтқаны, тапсырмасы бір демде орындалып отырған беделді тұлға болатын, – деді Ө.Озғанбаев.

Сондай-ақ ол өскелең ұрпақ тәрбиесінде өз әулетін шашау шығармай уысында ұстап, билік жүргізген қарт-қария, тұтас бір ауылдың жыртығын бүтіндеп, айбынын асырып отырған, елдің дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген ақсақалдардың орны ерекше екенін еске салды.

Келелі жиында сөз алған «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ төрағасы, Халықаралық Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәлі тарихты түгендеудің маңызын атап өтіп, ұлттық құндылықтарды ұлықтау мен тәуелсіздікті тұғырлы етуге бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды.

Өз баяндамасында бүгінгі қазақ қоғамының басты құндылығы білімде екенін айтқан «Тұран» университетінің ректоры, Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Рахман Алшанов қазақ жастарының шетелдің озық университеттерінде білім алуына мүмкіндік берген «Болашақ» бағдарламасының сапасын арттыру мен отандық жоғары оқу орындарының деңгейін көтеру мәселесіне басымдық берілу керек деген пікір білдірді. Ал А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру, диссертациялар мен ғылыми есептердің бір данасын мемлекеттік тілде әзірлеу, филологиялық білім беруді реформалау, қазақ тілін цифрландыруға қатысты бірқатар ұсыныс айтты. Еліміздің ұлттық құндылықтарын Қазақстанда бір шаңырақ астында тұрып жатқан өзге де этнос өкілдеріне дәріптеудің маңызына тоқталған Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Майя Бекбаева отандық ақпараттық кеңістіктің сапасын арттыру мәселесі өзекті екенін атап өтті.

Осылайша, Парламент Сенатында «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған Парламенттік тыңдауға қатысушылардың пікірлері мен ұсыныстары негізінде бірқатар ұсыным дайындалып, жауапты мемлекеттік органдарға жіберілетін болады. Олардың қатарында Үкіметке қазақ тілінің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатымен тіл саясаты жөніндегі қолданыстағы бағдарламалық құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, шекаралық аймақтарды өркендету үшін ішкі көші-қон мәселесін одан әрі реттейтін және осы аймақтарға қандастардың қоныстануын қамтамасыз ететін арнайы бағдарлама әзірлеу ұсынылды.

**«Egemen Qazaqstan»**

## ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

***Шаһар басшысы Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен, әкім орынбасарлары мен мемлекеттік мекеме, кәсіпорын басшылары қатысуымен өткен кезекті аппарат отырысының күн тәртібіне құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу жоспарлары мен жер қатынастары мәселелері шығарылды.***



– Бүгінде қаланың дамуына, экономиканың өсуіне әсер ететін маңызды құрылыс саласы – көпшілікті назарында. Себебі, әр тұрғынға баспана керек. Жезқазған қаласында құрылыс саласында айтарлықтай жоспарлар бар, – деп аппарат отырысын ашқан Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров баяндама үшін сөз кезегін қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетоваға берді.

Ол өз есебінде биылғы жылы пайдалануға берілетін тұрғын үйдің көлемі 25,6 мың шаршы метрді құрайтынын жеткізді. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 4,5 мың шаршы метрге артық көрсеткіш.

– 2021 жылдың қаңтар-ақпан айларына тұрғын үйді пайдалануға беру жоспары – 5011 шаршы метрді құраса, іс жүзінде 5017 шаршы метр енгізілді (коммерциялық тұрғын үй – 2400 ш.м., ЖТҚ – 2617 ш.м.). Қаңтар-наурыз айларына тұрғын үйді пайдалануға беру жоспары 7,6 мың шаршы метр, – деген Мәруа Көңілбайқызы 2021 жылға бекітілген құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемінің жылдық жоспары 24,7 млрд теңгені құрағанын айтты.

– Биылғы жылдың жоспарында жалпы ауданы 11,5 мың шаршы метр 3 көпқабатты тұрғын үйдің (Алашахан даңғылы 34И, 34К, Байқоңыров көшесі 28А) және Алашахан даңғылы 34Е мекенжайында орналасатын үйдің А, Б блоктары құрылысын аяқтап, кезекте тіркелінген 166 отбасына беру қарастырылған, – деді ол.

Мәруа Келмағанбетованың айтуынша, 2021 жылдың бюджетін кезекті нақтылау барысында республикалық бюджеттің облигациясы есебінен 2 көпқабатты кредиттік тұрғын үй (Алашахан 34П, Алашахан 34Н) құрылысын бастауға республикалық бюджет есебінен 600 млн теңге қаражат бөлінді. Құрылысты жүргізетін мердігер конкурс нәтижесінде мамыр айында белгілі болмақ.

Сонымен қатар, «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілетін 501 жер теліміне 630 млн теңгеге ұзындығы 34,2 шақырым коммуналдық және инженерлік желілерді тарту жоспарланса, бүгінгі таңда 2020 жылы жергілікті бюджеттен бөлінген қаражат есебінен 16,3 км кәріз желілері салынған. Құрылыстың аяқталуына облыстық бюджеттен бөлінген 168 млн теңге көлеміндегі қаражатқа қалған 17,9 шақырымы тартылады.

Сондай-ақ, биыл Абай көшесі, 9А мекенжайындағы «Самади-2020» сауда үйіне және Байқоңыров көшесі, 28А мекенжайында орналасқан үш қабатты, 18 пәтерлі несиелік тұрғын үйге инженерлік коммуникация құрылысы жүргізіледі. Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында жалпы ұзындығы 218,7 км болатын 1,2,3 кезектегі қалаішілік сумен жабдықтау желілерін қайта құру жұмыстары жалғасады. Жезқазғанның ауыз су құбырлары 2022 жылы толық жаңартылады деп күтілуде. Жоба жүзеге асырыла бастағаннан бері Пристационный, Аварийный елдімекендері және 5-ші ауданның 7 көшесі қаланың орталықтандырылған сумен жабдықтау желілеріне қосылды. Биыл қала ішіндегі 4, 5, 6, 61-66 шағын аудандарды, Геология елдімекенін қосу көзделген.



Құбырлар жаңартылып, инженерлік желі тартылғаны әрине жақсы. Дегенмен, осы жұмыстардың тиянақты орындалмауының салдары қала тұрғындарына қолайсыздықтар туғызуда. Атап айтқанда, желілерді тартқан мердігерлер қазған жерлерін тегістеп, жинастыруды «ұмытып» кетеді. Осы ретте, қала басшысы ойқы-шойқы жол учаскелері 4 сәуірге дейін тегістеліп, асфальттеу жұмыстарының кестесін ұсынуды қадап тапсырды. Сонымен бірге, құрылыс жұмыстары кезінде отандық өндірушілердің өнімдеріне басымдық беру қатаң бақыланатынын ескертті. Орындалған жұмыстардың актісін экономика және қаржы бөліміне уақытылы ұсынбайтын құрылыс бөлімі мен қалалық ішкі саясат бөлімі, спорт бөлімі, тұрғын-үй коммуналдық шаруашалығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемелері басшыларына да ескерту жасалды.

Жыл басынан бері жер қатынастары бөлімі көрсеткен мемлекеттік қызметтердің қорытындысын ұсынған бөлім басшысының міндетін атқарушы Марғұлан Сейдахметов қаланың бас жоспарына сәйкес келмейтін сауда орындарына жалға берілген жер телімдерінің келісімшарты ұзартылмайтынын мәлімдеді. Қала көркін қашырған дүңгіршектер мен жалға алу ақысын төлемеген жер пайдаланушылардың да мәселесі қолға алыныпты.

Мақсатсыз пайдаланылған жер телімдерін қайтару, абаттандыру талаптарын өрескел бұзған мердігерлерді жауапқа тарту жұмыстарын ширатуды тапсырған Қайрат Бектайұлы қаладағы билбордттық конструкциялардың күтіп ұстамайтын жеке кәсіпкерлерге жалға беру келісімшартын тоқтату шарасы қолданылатынын айтты. Сондай-ақ, орынбасары Ербол Құсайыновқа қаладағы шағын және орта бизнес нысандарының сыртқы келбетін ретке келтіріп, аумағын көріктендіруді ұйымдастыру жүктелді.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# МЫҢНАН АСТАМ ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ ВАКЦИНА АЛДЫ

***2021 жылдың 9 наурызынан қалада ресейлік СпутникV вакцинасымен COVID -19 коронавирустық инфекциясына қарсы екпе жасау науқаны басталғаны белгілі. 9-26 наурыз аралығында 1400 адам вакцинацияланды, оның ішінде медициналық ұйымдардың, білім беру саласының қызметкерлері, құқық қорғау органдарының, ТЖМ қызметкерлері, сондай-ақ еріктілер бар.***

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің хабарлауынша вакцинациядан кейін денсаулықтың нашарлау жағдайлары тіркелмеген.

30 наурыздан бастап осының алдында вакцинацияланған азаматтарды вакцинаның екінші компонентімен егу жүргізілуде.

Қарағанды облысына вакциналардың 11700 доза мөлшеріндегі кезекті партиясын ағымдағы жылдың 3 сәуірінде жеткізу көзделген. Жезқазған қаласы үшін 3000 доза мөлшер қарастырылған. Вакцинацияны бастау 3-4 сәуірге белгіленген.

Өкілдік мамандары хабарлағандай, 18 жасқа дейінгі балалардан, жүкті, бала емізетін әйелдерден және қарсы көрсетілімдері бар адамдардан басқа КВИ-ге қарсы вакцинацияға жас шектеулері жоқ.

Екпе алғысы келетін қала тұрғындары Омаров көшесі, 25 (Аурухана қалашығы) мекенжайы бойынша кеңес беру-диагностикалық орталық ғимаратында (КДО) орналасқан Вакцинация орталығына барып салдыруына болады. Вакцинация орталығы күнделікті сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

**Өз тілшіміз**

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

# АУМАҚТЫҚ КЕҢЕСТЕР ҚҰРЫЛАДЫ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаровтың төрағалығымен өткен қалалық әкімдіктің отырысында 32 мәселе қаралды.***

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша қала әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы Жанбота Игенов баяндап, әкімдік мүшелерінің қарауына жергілікті өзін өзі басқарудың аумақтық кеңестерін құру және олардың ережелерін бекіту туралы қаулы жобасын ұсынды. Аумақтық маңызы бар мәселелерді шешу және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша азаматтардың құқықтарын іске асыруға жәрдемдесу міндеті бар аталған кеңестер қаланың өзекті проблемаларын шешуге оң ықпалын тигізеді деп күтілуде.

Мінберге шыққан қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Махмұт Смайлов әкімдік ғимаратының 1-қабатына күрделі жөндеу жүргізу жобасын таныстырды. Айта кетейік, бұл жұмыстар «Open space» кеңсесіне келушілерге қолайлы жағдай жасау аясында қолға алынып отыр.

Күн тәртібіндегі шығарылған өзге мәселелердің барлығы қалалық жер қатынастары бөліміне тиесілі. Аталған бөлім басшысының міндетін атқарушы Марғұлан Сейдахметов Қазақстан Республикасының жер кодексіне сәйкес азаматтардың және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде 30 қаулының жобасын ұсынды. Оның ішінде тұрғын үй салу, бағбаншылық жүргізу үшін жер телімдерінің құқықтарын заңдастыру, жеке тұрғын үй үшін жер телімдерінің жалдау шартын ұзарту, сондай-ақ, коммерциялық мақсаттағы жерлерді жалға беру жобалары бар. Мысалы, «Қазақстанның халық банкі» АҚ Ұлытау көшесі №1/1 жер телімін билборд орнату үшін үш жылға жалға алуды сұраған. Осы ретте қала әкімі Қайрат Бектайұлы билбордты жалға алушылар оны күтіп-ұстауды да міндетіне алу керектігін қадап тапсырды.

Қалалық әкімдік отырысының күн тәртібіне шығарлыған барлық мәселелер талқыланып, тиісті қаулы қабылданды.

**Өз тілшіміз**

ҚЫЛМЫС пен ТҰРМЫС

# АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС ЖОЛЫНДА

## *құзырлы органдар күш біріктірмек*

***Өткен жылдан бері елімізде алаяқтық фактілері жиілеген. Алаяқтардың құрығына ілініп, қолындағы бар қаржысынан айрылып қалғандар Жезқазған қаласында да аз емес. Сондықтан, Жезқазған қаласының әкімдігі полиция басқармасы, қалалық прокуратурамен бірлесіп ведомствоаралық кеңес өткізді.***



Мемлекеттік мекеме басшылары мен екінші деңгейлі банктердің өкілдері қатысқан жиынның күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Жезқазған қалалық прокуратурасының прокуроры Асығат Ахметов оның алғашқысы, яғни алаяқтықтың өсуінің себебі мен салдарына талдау жасады. Прокурордың айтуынша, Жезқазған қаласы облыс көлемінде алаяқтық оқиғалары бойынша бестіктің қатарына енген. Бүгінде құқық қорғау органдары алаяқтарды «онлайн» және «офлайн» деп екі түрге бөліп қарастырады. Біріншісі қашықтықтан, яғни ғаламтор, ұялы байланыс арқылы арам пиғылын жүзеге асырса, екіншісі жұмысқа орналастыруға, несие рәсімдеуге, жер алып беруге, жылжымайтын мүліктерін қымбат бағаға саудалап беруге жәрдемдесуге уәде етіп тұрғындардың қомақты қаржысын қолды етеді екен.

– Еліміз бойынша алаяқтық фактілері 32,3 пайызға немесе 6508-ден 8610 дерекке артқан. Қарағанды облысында алаяқтық 403-тен 777 іске көбейсе, Жезқазған қаласында 29-дан 110-ға дейін жеткен. Қашықтан жасалған алаяқтық фактілеріне келер болсақ, 2020 жылы бұл санаттағы қылмыстардың саны 45 пайызға артқан. Бізде жыл басынан 49 алаяқтық фактісі жасалса, былтырғы жылдың есептік кезеңінде бірде-бір мұндай оқиға тіркелмеген, – деп баяндама жасаған қала прокурорының орынбасары Нұрғұлан Әбдішев қазіргі таңда алаяқтар өздерін банк қызметкерлері ретінде таныстырып, банк карталарындағы ақшаларды заңсыз иемденуге көшкенін жеткізді. Осы ретте қала әкімі екінші деңгейлі банк өкілдерін өз клиенттерін алаяқтардан қорғау мақсатында түсіндірме жұмыстарын күшейтуге шақырды.

Алаяқтар көбінесе сату және сатып алу қызметін ұсынатын «OLX», «Крыша KZ», «Колесо» сайттарын пайдаланып, тұрғындардың сеніміне кіреді екен. Мысалы, қаңтар айында бір жезқазғандық арзан бағаға екі «айфон» сатып алмақшы болып, алаяққа 550 мың теңге аударған. Оңай олжаға кенелемін деп сан соғып қалған тұрғынға тәртіп сақшылары көмектесе алмаған. Себебі, алаяқ «Киви кошелек» қосымшасын пайдаланған. Арам ойын жүзеге асырған соң ол ізін жасыру үшін ақша аударылған телефон нөмірін сөндіріп тастаған.

Құқық қорғау органдары қызметкерлері жоғарыда аталған қосымшалар арқылы тауар немесе қызмет алмай тұрып, алдын ала ақша аудару қауіпті екенін алға тартып, ұялы телефон арқылы алаяқтық жасайтындар көбінесе «Kaspi» банкінің атын жамылатынын ашық айтты. Банк қызметкерлері ешқашан телефон арқылы тұтынушының жеке деректерін жинамайтынын, күдікті қосымшаларға кіруге кеңес бермейтінін еске салған олар өздерін «Kaspi» емес «Каспийский» банктің қызметкері ретінде таныстырған алаяқтардың телефон қоңырауын бірден сөндіріп тастауға кеңес береді.

Алаяқтардың қармағына ілінгендердің қатарын азайту мақсатында тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру қажет деген ортақ шешімге келген ведомствоаралық кеңестің қатысушылары алдағы күндері ұялы телефон байланысы арқылы 1 реттік ескерту хабарламаларын жіберу, БАҚ арқылы бейнероликтер көрсетіп, мақалалар жариялауға келісті.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЖЕР ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ

***Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы жерлерін толыққанды экономикалық айналымға тарту ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығы жерлерін толыққанды экономикалық айналымға тартудың өзге де нысандарын әзірлеу қажеттігін атап өтті.***

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін 2020 жылғы 14 қыркүйекте Президенттің Жарлығымен «Жалпыұлттық іс-шаралар жоспары» бекітілді, оның тармақтарының бірі: «Аграрлық секторға инвестициялар тарту қажеттілігін ескере отырып, халықаралық тәжірибені талдау және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді толыққанды экономикалық айналымға тарту бойынша ұсыныстар әзірлеу» болып табылады.

Осыған байланысты, жерлерді тиімді пайдалану, жеке және заңды тұлғалар үшін жайылымдардың қолжетімділігі мақсатында «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ Кеңгір, Талап және Сарыкеңгір ауылдық округтері жерлерінде жайылымдарды басқару және оларды пайдалану бойынша жоспарлар әзірленіп, бекітілді.

Президент Жолдауын және жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Жезқазған қаласының жергілікті атқарушы органы тұрақты негізде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға тарту бойынша жұмыстар жүргізуде.

Жезқазған қаласының жер балансына сәйкес:

Жезқазған қаласы жерлерінің жалпы ауданы 858 872 га құрайды, оның ішінде: Жезқазған қаласының алаңы 176 097 га; шектелмеген аумақтардың ауданы (Талап, Кеңгір, Сарыкеңгір ауылдық округтері) 682 775 га.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 575 310 га құрайды, оның ішінде: жайылымдық алқаптар 569 774 га; босалқы жерлер (мемлекеттік қор) 183 900 га.

Бекітілген жоспарға сәйкес, бұл жер учаскелері кезең-кезеңімен ауыл шаруашылығы айналымына тартылатын болады.

Осылайша, 2020 жылдың 22 қазанында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөнінде конкурс жарияланды. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің тізімдері және қатысу шарттары бұқаралық ақпарат құралдарында (баспа басылымдары) және Жезқазған қаласы әкімдігінің ресми сайтында жарияланады.

Қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау нәтижелері бойынша жалпы ауданы 37 195,0 га 22 (жиырма екі) жер учаскесі берілді.

2021 жылдың 19 наурызында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы кезекті ақпараттық хабарлама жарияланды. Конкурсқа жалпы ауданы 38 674,0 га 25 жер учаскесі шығарылды.

Байқауға ұсынылған жерлер тізімімен Жезқазған қаласы әкімдігінің ресми сайтында мына бөлімде немесе сілтеме бойынша таныса аласыз: (https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-zhezkazgan/documents/details/148047?lang=ru).

Сонымен қатар, бір маңызды мәселе бар, бұл – пайдаланылмаған жерлер. Жүргізілген мониторингке сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірісі үшін (шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу) жеке және заңды тұлғаларға берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде ҚР Жер заңнамасын бұзу (жерді нысаналы мақсатына сәйкес ұзақ уақыт пайдаланбау) анықталды. Қазіргі уақытта 22 жер учаскесі анықталды.

Бірақ тағы бір маңызды мәселе бар – бұл пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер.

Ауыл шаруашылығы жерлерін толыққанды экономикалық айналымға тарту бағыттағы жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде.

**Марғұлан СЕЙДАХМЕТОВ,**
**«Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ басшының міндетін атқарушы**

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ ТУДЫРМАЙТЫН БОЛАДЫ

***Екі күннің бірінде сусыз қалатын Бекболатсай мен Қостанкелдісай елдімекені тұрғындарының осы мәселесін шешу жолында жауапты мекеме Жезқазған қалалық тұрғын үй-коммуналдық шарушалығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі бірқатар жұмыстарды жоспарлапты. Бұл жөнінде бөлімнің басшысы Ержан Есетов айтып берді.***

– Қостанкелді мен Бекболатсай елдімекеніндегі ауыз су желілерінің жалпы ұзындығы – 25 590 қума метр. Су құбырларында орнатылған ысырмалардың басым көпшілігі жарамсыз болғандықтан, авариялық жағдай орын алған кезде қос елдімекеннің түгелдей дерлік көшелері сусыз отыруға мәжбүр болады. Аталған проблеманы жойып, тұрғындарды үздіксіз сумен қамтамасыз ету үшін биыл қалалық бюджеттен 108 ысырманы орнату үшін 31 945 00 теңге қарастырылған. Қазіргі таңда конкурстық рәсімдер жүргізіліп жатыр, – деген Ержан Жағыпарұлы елдімекеннің ауыз су желілерін күтіп ұстауға 2021 жылы 30 млн теңге бөлінгенін жеткізді. Бұл қаржыға су құбырларындағы ақаулар жөнделеді.

Естеріңізге сала кетсек, 2020 жылға дейін Қостангелді мен Бекболатсай елдімекендерінің ауыз су желілері иесіз болған. Иесіз құбыр арқылы су беріп, оның ақысын елден жинап отырған жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны бүгінде Жезқазған қалалық тұрғын-үй коммуналдық шарушалығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі қарамағына алған желілерді қабылдау-тапсыру құжаттарының дайын болғанына қарамастан, түрлі сылтаумен созбаққа салып, өз балансына алғысы жоқ. Кәсіпорын басшылығынан нақты себебін сұраған сауалымызға жауап ала алмағандықтан ақауы көп желіні өз иелігіне алып, сау басына сақина тілегісі келмейді деп топшыладық.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

СЕССИЯ

***VII шақырылған қалалық мәслихаттың кезекті III сессиясы өтті. «Aitube» бейнехостингінде тікелей трансляцияланған сессияға қалалық мәслихат депутаты Дархан Мұхан төрағалық етті. Сессия жұмысына қала әкімі Қайрат Әбсаттаров, әкім орынбасарлары, мекеме басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.***

# БЮДЖЕТ НАҚТЫЛАНДЫ



Күн тәртібінде қаралған алғашқы мәселе – осыған дейін Ұлытау ауданының әкімі лауазымына тағайындалған Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы және депутат Советбек Медебаевтың өкілеттігін тоқтату. Қазіргі таңда мәслихат хатшысы лауазымына үміткерлер іріктеліп жатқанын жеткізген депутат Виктор Сотников Советбек Медебаевқа жаңа қызметте табыс тіледі.

Одан әрі Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Виктория Ставицкая Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №56/472 «2021-2023 жылдарға арналған Жезқазған қаласының бюджеті туралы» шешіміне енгізілетін өзгерістерді таныстырды. 2021 жылға арналған қалалық бюджет жобасы негізінде кірістер 22 млрд 429 млн 485 мың теңгені құраса, 25 млрд 340 млн 862 мың теңге шығындар үлесіне тиесілі. Бюджет қаражатының үнемделген қалдықтары – 3 млрд 54 млн 778 мың теңге. 2 867 918 мың теңге сомасы мен жекелеген бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің 4 437 мың теңге сомасындағы үнем сомасын бөлу жұмыстарына Қостанкелді, Бекболатсай ықшам аудандарының су құбыры желілерін, «Самсунг» медициналық орталығына апаратын негізгі және резервтік су құбырын, Малшыбай ауылының ұңғымасы мен мұнарасын ағымдағы жөндеу, мешіт маңындағы, Кеңгір ауылының, 8-ықшам ауданның кәріз желілерін ағымдағы жөндеу, Малшыбай ауылының саябағына жарық тіректерін орнату жұмыстары кіретінін айтқан Виктория Ставицкая апатты тұрғын үйлердің тұрғындары да ескерусіз қалмайтынын жеткізді. Соған сай 18 апатты үйдегі 199 отбасыға 1 209 500 мың теңге көлемінде өтемақы төленеді.

Биыл қала көшелері мен тұрғын-үй ауларын абаттандыру шаралары да айтарлықтай жолға қойылмақ. Сондай-ақ 11 үйдің қасбеті мен шатыры жөнделмек.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған «Мәңгілік алау» саябағы маңына 64 млн теңгеге ағаш егу жұмыстары жүргізілмек. Бұл тұста қаланың 60 жылдығы мерейтойы қарсаңында егілген алпыс шыршадан бүгінде он шақтысы ғана қалғанын, аталған ағаш егу шараларының соңы да осылай болмай ма деген күдігін білдірген депутат Светлана Жумкина бұл қаражатты қала ішін абаттандыруға жұмсауға ұсыныс білдірді. Аталған абаттандыру жұмысы арнайы ғылыми жоба негізінде жүзеге асатынын, қала ішін абаттандыруға 118 млн теңге қаржы бөлінгенін жеткізген қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов аталған жұмыстар қатаң бақылауда болатынына сендірді.

Мәслихат депутаттарының қызметін тиімді ұйымдастыру мақсатында мәслихат аппаратына 2 компьютер мен 13 ноутбук сатып алынбақ. Сондай-ақ, Президент тапсырмасын орындау мақсатында мәслихат сессияларын тікелей эфирден трансляциялауға да қаражат қарастырылыпты.

Жиын барысында депутат Мақпал Орынбетова «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты маңындағы көліктің көптігін, жаяу жүргіншілер жолының жоқтығын алға тартып, балалар қауіпсіздігіне алаңдаушылық білдірді. Осы ретте Қайрат Бапанов алдағы уақытта аялдама және жаяу жүргіншілер жолағын реттеу жұмыстары ойластырылып жатқанынын жеткізді.

Қалалық жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының тариф қою жұмысын да қадағалау қажетігі сессия барысында айтылды. Аталған бастаманы құптайтынын білдірген қала әкімі Қайрат Әбсаттаров келесі сессияда қалалық жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнының басшысы мен мамандарын да шақыруды тапсырды.

Сессияда одан әрі қалалық жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Марғұлан Сейдахметов Сарыкеңгір және Талап ауылдық округі жерлері бойынша 2021-2022 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын таныстырды. Күн тәртібінде Жезқазған қаласы әкімдігі жанындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың аумақтық кеңесі туралы ережені әкім аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы Жанбота Игенов депутаттар назарына ұсынды. Құрамына учаскелік полиция инспекторы, ПИК төрағалары, белсенді тұрғындар енетін бұл кеңестерге қалалық мәслихат депутаттары төрағалық етіп, аумақтық мәселелерді бірлесіп шешудің жолдары іздестірілетін болады.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

БЕКБОЛАТСАЙ ЕЛДІМЕКЕНІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

# ҚОҚЫС ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРДІ

1 сәуірден бастап тұрмыстық қалдық қоқыстарын «Сәт Тазалық» ЖШС әр үйді аралап жинайтын болады. Осыған байланысты елдімекен тұрғындары үйлері ауласының алдына қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған сыйымдылық орнатуы қажет. Азаматтар бұрыңғы қоқыс алаңдары орнына тұрмыс қалдықтарын шығарған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ірі габаритті қоқысты шығару мәселелері бойынша ТКШ, ЖК және АЖ бөлімінің қабылдауына, яғни **73 31 71** телефон нөміріне хабарласу қажет. .

**БЕКБОЛАТСАЙ ЕЛДІМЕКЕНІНДЕГІ ТҰРҒЫН ҮЙ МАССИВІНЕН КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖИНАУ КЕСТЕСІ**

| Қоқыс шығарылатын күндер | Көшелер, үйлер |
| --- | --- |
| **Сейсенбі – жұма** | Қожабаев көшесі (№1 үйден №29 үйге дейін)<br>Бөкейханов көшесі (№1 үйден №8 үйге дейін)<br>Төлеубаев көшесі (№1 үйден №50 үйге дейін)<br>Болман көшесі (№1 үйден № 52 үйге дейін)<br>Тайжан көшесі (№1 үйден №52 үйге дейін)<br>Бүкіров көшесі (№1 үйден №52 үйге дейін)<br>Сайдалы Сары Тоқа көшесі (№1 үйден №52 үйге дейін)<br>Жұбанов көшесі (№1 үйден № 50 үйге дейін)<br>М. С. Қазыбековтер көшесі (№1 үйден №49 үйге дейін)<br>Ш. Айманов көшесі (№1 үйден №40 үйге дейін)<br>Құсайынов көшесі (№3 үйден №33 үйге дейін).<br>Мұқанов көшесінің жұп сандар жағы<br>Нұржанов көшесі толығымен |
| **Сәрсенбі – сенбі** | Қожабаев көшесі (№24/1 үйден №33 үйге дейін)<br>Бөкейханов көшесі (№9 үйден №34 үйге дейін)<br>Төлеубаев көшесі (№27 үйден №76 үйге дейін)<br>Болман көшесі (№51 үйден №77/2 үйге дейін)<br>Тайжан көшесі (№55/1 үйден №75/2 үйге дейін)<br>Бүкіров көшесі (№53 үйден №72 үйге дейін)<br>Сайдалы Сары Тоқа көшесі (№53 үйден №80/2 үйге дейін)<br>Жұбанов көшесі (№53 үйден №79/2 үйге дейін)<br>М.С Қазыбековтер көшесі (№42/1 үйден №67 үйге дейін)<br>Ш. Айманов көшесі (№41 үйден №66 үйге дейін)<br>Құсайынов көшесі (№34 үйден №49 үйге дейін)<br>Мұқанов көшесінің тақ сандар жағы<br>Бұлқышев көшесі толығымен |

**«ТКШ, ЖК және АЖ бөлімі» ММ**

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

# КӨҢІЛІНІҢ БҰЛТЫ ЖОҚ ЕДІ...

*«Көктемде туған жандардың,*
*Көңілінің бұлты болмайды».*

**Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ**

Өмір – қанша қызық, керемет болса, қаһары да, ызғары да – сондай қатты. Мұны жаныңа жақын жайсаң жандардан, жақсылардан мәңгілікке көз жазып қалғанда тіпті, ерекше сезіне түседі екенсің. Көңіл қоңылтақсып, жүрек жетімсіреп қалады мұндайда. Өмекең, яғни, Өмірбек Махатұлы Сартов ағам өмірден өткенде сондай сәтті бастан өткердім. Ол биыл сексеннің сеңгіріне шығатын еді...



Былтырғы жаз. Індеттің үдеп тұрған шағы. Ол кісінің де ауруханаға түсіп қалғанын естіп боламын дегенше, сумаңдаған суық хабар да тарады.

«Телефонмен сөйлескенде: «жақсы» дегеннен басқа ештеңе айтпады. Бірде телефонын қасындағы жігіттердің бірі көтеріп қалды. «Мұнда біреуді біреу танып болмайды, орын жоқ, адам көп. Дәлізде жатырмыз. Шама келсе, үйден емделген дұрыс екен. Бәрібір мұнда да емдеп қарық болып жатқанымыз шамалы» деген оның сөзін естіген соң, үйге шығарып алуға әрекеттендік. Таңертең барамыз, үйге алып шығамыз» деп отырған адамбыз ғой... Таң алдында «үзілді» деген хабары жетті. Үлгермедік.» Бұл – Өмекеңнің зайыбы Зейнеп тәтеміздің көңіл айта барғандағы жылап отырып сыртқа шығарған көңіліндегі ащы өксігі, өкініші еді. Әрине, «егер үлгеріп үйге шығарып алғанда әлде қайтер еді?» деген пендешілік ой ғана. Әйтпесе, аты өшкір неменің туралап келген адамын айналып өтпейтіні анық қой. Сол жолғы назарының Өмекеңдей асыл ағаға түскенін қарасаңызшы?!

Сартовтар әулеті десеңіз болды, ескікөздер «е, олар бір жақсы тұқым еді ғой» деп еске алатыны сөзсіз. Абырой, атағын ақ тер, көк терге малшынып жүріп еңбектен тапқан олардың кең көңілдері, даладай дархандық пен баладай аңғалдықтары айналасына қадірлерін арттырған. Өмекең сондай әулеттің ішінен шыққан айтулы перзенттерінің бірі еді. Ол екі сөзінің бірінде «Төлен көкем» деп отыратын. Мұның себебі де жоқ емес. Ағайынды бауырлардың бірі Төленнің баласы тоқтамағасын ол ағасы Махаттың баласы Өмірбекті бауырына салады. Міне, ғажап! Осыдан соң ол шаңырақтағы бала шетінеуі де сап тыйылады. «Осы Өмірбегім келгесін өмірім оңынан өзгерді», – деп, Төлен көкем мені тіпті өз балаларынан да артық көрді. Ол кісі озат кеншілердің бірі еді. Бізді де жасымыздан осы жолға бағыттады. Менің кен инженері болуыма сол өзімнің Төлен көкем әсер етті» дейтін Өмекең кеншілік өмір жолы туралы әңгіме қозғала қалса. Мектеп бітіре салысымен шахтаға жұмысқа орналасуы да сол Төлен көкенің ақылы болыпты. «Кен инженері болу ешқайда қашпайды. Алдымен бірер жыл жұмыс істеп, кеншіліктің қыр-сырымен танысып, басыңнан өткер, жаныңмен түсін» деген сөзге тоқтаған ол 1959 жылы он сегізге толар - толмастан сол кезде атағы дүркіреп тұрған «Петро – Центр» шахтасына келіп, экскаватор машинісінің көмекшісі болып еңбек жолын бастады. Бір емес, бірнеше жыл жұмыс істеген соң ғана, яғни, 1962 жылы Алматыға аттанды. Келешегін кен өндірісімен байланыстырғысы келетіндер үшін киелі орда Қазақ политехникалық институтына барып оқуға түсті. Бес жыл бес күндей болмай өте шықты.1967 жылы қазіргі Оңтүстік Жезқазған кенішіне жас маман ретінде тау-кен шебері болып жұмысқа кірген Өмірбек Сартов 2015 жылға дейін, яғни, қашан құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін өндірістің белортасында жүрді. Учаске де басқарды, шахтаның бас инженері де болды. Еңбегі еленіп иеленген марапаттамаларын тізбелеп керегі де жоқ шығар?! «Қандай қызмет атқарсам да ешкімді негізсіз жазалаған емеспін. Сондықтан да, кеншілердің көзіне тура қарай аламын. Өзіме сол үшін де ризамын» деп сөзіне әзіл қоса шерткен сырын да тыңдағанбыз. Өмекеңнің бұл сөзін ол туралы сұрағанымызда талай әріптестері де тірілтіп тастайтын. Сол кезде «өзіне риза болатын» ағамызға біз де риза болатынбыз. Кісі қайда жүрсе де, қандай деңгейде жүрсе де ең бастысы қасындағыларға қадірін жоғалтпаса, құрметін көрсе, бақыт деген сол емес пе?

«Мен өзім орден алғаным жоқ, бірақ, менің учаскемнен үш бірдей Герой шыққан» дегенді де мақтанышпен айтып отыратыны бар еді. Үш бірдей Социалистік Еңбек Ері шыққан учаскені басқарған ағаны ендеше неге өндірістің нағыз көшбасшысы деп мақтап, мадақтамасқа?!

Еңбек демалысына шыққан соң да қоғамдық жұмыстан қол үзбеді. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС жанындағы Ардагерлер кеңесінің Сәтбаев филиалының төрағасы болды. Зейнеткер кеншілердің мұң -мұқтажын шешуге атсалысты.

Басқа ешбір жерде айтылмайтын, тек Жезқазған-Сәтбаев аймағына ғана тән «Кенші ақын» дейтін қалыптасқан ұғым, түсінік бар. «Бір қолынан – қайласы, бір қолынан – қаламы» түспеген ақындар осылайша әспеттеледі. Бұл шоғырдың ұшар басында Кәкімбек көкеміз, Шынболат ағаларымыз тұрады. Өмекең де әрі кенші, әрі ақын еді. Кеншілер қауымына жақсы таныс, кен өндірісі басшыларының бірі болған Рысдәулет Есімовтің Өмекең туралы: «Мен институттан кейін шахтаға түскендегі алғашқы ұстазым осы кісі болды. Жұмыс барысында нақтылықты сүйетін. Тапсырмасы мығым, бақылауы да нық. Артық сөз жоқ. «Бір айқайы жоқ, осындай да бастық болады екен-ау» деп таң қалатынмын. Сөйтсем, табиғи жаратылысы солай екен ғой бұл кісінің. Сосын басқаларға ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі, қалтасында жұмысқа арналған блокноттан бөлек қағаз, қаламы жүреді. Шахтаның астында, қазақылап айтқанда, жеті қабат жер астында жүріп келе жатып та «бірдеңе келіп қалды, түртіп қояйыншы» деп қағаз, қаламына жармасып жатқанына сан мәрте куә болдым. Алғашында «бірдеңесі не екен?» деп жүретінмін, сөйтсем, өлең шумақтары екен ғой», – деген еді. Сол ара-тұра түртіп-түртіп қойғандарының басын біріктіріп 2003 жылы «Жыр-Шашу» атты кітабын жарыққа шығарды. Кейін көптеген өлеңдері «Сәтбаев – достықтың қаласы», «Жүректерде жанған жұлдыз» кітаптарына енді. Оның өлеңдерінен жүрегінің лүпілі сезіліп тұрады. Туған елге, жерге деген махаббаты, сүйіспеншілігі, перзенттік парызын сезінуі «Шабытым шарықтайды жырға қоссам, Көңілім көк қаршыға самғап ұшқан.Сабырлы сары алтындай сар даламның, Ұлымын өле-өлгенше сүйіп құшқан!» деген жалғыз шумақтың өзіне сыйып кетіп тұр емес пе? Құдай шебер! Қазақ бұл сөзді көбіне сүйсінгенде айтады. Құдайдың шеберлігі сол, Өмекең өмірден шаршаңқырап жүрген кезінде Тәңір оны өзі тәрізді налакөңілдеу Зейнепке жолықтырды. Олар бір-бірімен өте жақсы ұғысты, түсіністі, бас қосты. Кешегі күнге дейін бір-бірінен ажырамады, бірге жүрді. Жастау кезінде қол ұстасып жүре қоймаған шығар, бірақ, біз білгелі үнемі қолтықтасып алып, бірге жүретінін көріп, оларға қызыға қарайтынбыз.

Бір-біріне деген құрметі айрықша мұндай жұп сирек кездесетін шығар. Негізі Өмірбек аға жыл сайын Зәкеңнің туған күнінде бірер шумақ өлеңмен құттықтап отыруды әдетке айналдырған екен. Мұнысын осы мақаланы жазу барысында байқадық. Ағамыздың жазуы да тасқа басқандай болған екен. Бірнеше ашықхатқа жазған ақ тілектерін оқыдық. Егер солардың бірінде:

– Аққөңіл жаның,
Жанарың жарқын.
Ұнатпай қалсаң,
Қабағың салқын.
Күнінді туған,
Бөлейін жырға!
Жауқазын гүлден,
Тағайын сырға – десе, енді бірінде:
– Нешебір жасқа келсең де,
Бетіңнен әжім көрсең де,
«Қартайып қалдың» дегенге,
Жаным-ау, әсте еш сенбе.
Махаббат қызық жылдарым,
Жоғалтқан емес ырғағын,
Аман-сау жүрші қасымда,
Адуын мінез, ардағым! – депті.

Осылай кете береді. Бірақ, бәрінің тоғысар тұсы – жарға деген ақпейіл көңіл, аппақ сезім. «Адуын мінез» дегеннің өзі қалай әдемі естіледі бұл жерде. Өмекең Зәкенді «Бақыт құсына» балаған, мұнысын ешкімнен жасырмаған, жалпақ жұртқа, айдай әлемге жар салып тұрып, жария еткен. Бұған «Жыр-Шашу» кітабындағы «Іздедім өткен күндер арайларын...» деген тақырыппен берілген топтамадағы тылсым сырлар, тұнық сезімдер дәлел.

Өз басым Өмекеңнің аузынан ешқашан «Зейнеп» деген сөз естіген емеспін. Үнемі «Зәкең, біздің Зәкең» деп отыратын. Ал, тәтеміз болса « Өмекең» дегеннен жаңылған емес. Ара -тұра «әлгі шал» деп қалатыны бар. Соның өзі құлаққа сондай жағымды естілетін. «Әлгі шал сөйлеп жатыр, «биыл соғымнан жігіттерге ауыз тигізбедің» деп. Пәлені күні біздің үйге келе қалыңдаршы» дейтін Зәкең кеншілер қаласындағы мәдениет пен өнердің о жақ, бұ жағында жүргендер үшін жыл сайын арнайы бір мәрте қазан көтеретін. Сөйтіп, жолдарынан жаңылмай, үлкендік танытып отыратын. Мұның өзі тамаша сәттерімен көңіл сарайымызды көріктендіріп жіберетін. Өйткені...

Кешегі Кеңес заманында шахтада еселі еңбегімен көзге түскен, құрметке бөленген Зейнеп Әбілбекова тәтеміз КОКП XXVI съезінің делегаты болды, «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атанды. Сонымен қатар, Зәкең де – ақын. Жыр кітабы жоқ демесеңіз, көңіліндегісін көркем кестелі сөзбен өлеңге айналдырады. Әзіл -шыны аралас «Біздің арамыздағы бірден-бір кенші-ақын қыз» дейтініміз де сондықтан тәтемізді. Айтпақшы, Өмекең де, Зәкең де кезінде Ардагерлер хорының құрамында сахналарда ән салды. Міне, осындай өнерлі жандардың шаңырағындағы басқосуларда әрине, ән-жыр салтанат құрады. Біреу ән салса, енді бірі өлең оқиды. Ал, Өмекеңе міндетті түрде «Шапибай-ау» -ды айтқызатынбыз. Нәшіне келтіре орындайтын еді. Өмірбек аға өмірден өтті дегенді естігенде:

– Сан дауыл, сан бораннан өткен едің,
Сексеннің сеңгіріне беттеп едің.
Суық тиіп, Құдай-ай, аяқ асты,
Қарашы, ғұмырыңды шектегенін.

Жаны таза ағаның бірі едің ғой
Жақсылардың жалғасы – ірі едің ғой
Жүзіңнен төгіліп нұр, жүректен жыр,
Бәрімізге үлгі боп жүр едің ғой

Кен де қаздың өмірде жыр да жаздың,
Көргенде сүйінетін тұлғаңа әркім.
Көңіліңнің кеңдігі керемет-тін,
Қолда барын бөлісіп, бұлдамайтын.

Бақиға сапар шектің көз көрмейтін,
Бұл өмірдің заңы ғой өзгермейтін.
Бас қосқанда ортаға шығып алып,
«Шапибай-ау»-ды шырқайды бізге енді кім? – деп жазыппыз. Бәлкім, кешегі күндердің енді сағынышқа айналатынын сезінгендіктен аузымызға осындай сөздер түскен болар.

Өмірбек ағамыз тек бізге ғана емес, оны білетіндердің бәріне де сағынышқа айналды. Бірақ, өзі кеткенмен, елінде сөзі қалды. Соңында сөзі қалған адам арамыздан алыстаса да, санамыздан жоғалмайды. Сосын ғой, ағамызды сексеннің сеңгіріне шығатын сәтінде еске алып, бірер ауыз лебізімізді білдіріп жатқанымыз. «Көктемде туған жандардың, Көңілінде бұлты болмайды» деген Тұманбай ағамыздың эпиграфқа алынған сөзі нақ Өмірбек аға Сартовқа арналғандай-ақ еді. Көңілінің бұлты жоқ жан еді... Біз де ағаға деген сағынышымызды көңілдегі бұлтты серпіп тастап жеткізуге ұмтылдық. Қолымыздан келді ме, келмеді ме? Әлдебір тәтті, мұңлы сағыныш бәрібір басым тәрізді ме, қалай?!

**Абдолла ДАСТАНОВ,**
*Сәтбаев қаласы*

МЕРЕЙ

# «ӨЛЕҢІНІҢ ӨРНЕГІ ӨЗГЕШЕ АҚЫН»

***әдеби-поэзиялық кеші Ғазиз ЕШТАНАЕВҚА арналды***



***Киелі поэзия әлемінде өзіндік үн, өзіндік сыр, өзіндік бояу, ажары бар, сырлы да нәзік өлеңдерімен оқырман қауымын елең еткізіп, жырмен тербеп жүрген һәм есімі республикаға кеңінен танымал Ғазиз Елеусізбайұлы ЕШТАНАЕВ 22 наурыз күні зейнет жасқа толды. Ақын ағаның туған күніне орай балалар мен жасөспірімдер кітапханасында «Өлеңінің өрнегі өзгеше ақын» атты ақын шығармашылығына арналған атты әдеби-поэзиялық кеш өтті.***

Әдемі өлең, сұлу жыр өмірге құштар ақыннан ғана тумақ. Ең алдымен кеш Ғазиз ақынның қаламынан шыққан кітаптармен таныстырудан басталды.

«Айдарынан жел ескен, асау қанды,
Еркесімін Бұғылы-Тағылының», – деп басталатын ақын Ғазиз Ештанаевтың тұңғыш жыр жинағы «Жыршуақ» аталса, «Жүрек сөзін жырмен айтып келемін, Тура бидей төрешім бол, ағайын», – деп ақынның оқырмандарымен адамгершілік асыл мұрат, жақсылық жасампаздығы, Уақыт, Замана сырлары жайлы ой бөлісетін жыр жинағы – «Дүние-Дүрмек» деп аталады.

«Ойлы күнім пара-пар боп ғасырға,
Шамырқансам іс шапты де насырға.
Уысымда уатылып тасың да,
Аспан, жердің арасында майдан сап,
Айналамын жасынға» деген «Көңіл-күй» өлеңімен басталатын «Шұғыла-шуақ» кітабы, «бәрі өткінші» дегенді айтып ұқтырған Ғазиз Ештанаевтың «Тамшыда да тағдыр бар» жыр жинағы тағы бар. Ақынның «Нүкте» деп аталатын кітабы былай басталады: «Неге екенін білмеймін, нүкте жайлы ой мазалай берді. Иә, кәдімгі біршама тиянақты ойды білдіретін сөйлемнің (көп жағдайда) соңына қойылатын нүкте. Бар болғаны қаламыңның ұшына тигізе салсаң, қағаз бетінде қалатын ноқат, болмашы дақ». Ғазиз Ештанаевтың «Халық ақыны Доскей Әлімбайұлы» атты жинағына Арқадағы ақындық мектептің даңқты өкілі, айтыскер ақын, композитор, әнші, әңгімеші, халық ақыны Доскей Әлімбайұлының өмірі мен шығармашылық жолы, өзіндік ақындық қолтаңбасы жайлы ғылыми тұжырымдар жасалған зерттеулер топтастырылған.

Әдеби-поэзиялық кештің шымылдығын өз құттықтауымен түрген Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова ақынның иығына шапан жауып, құрмет көрсетсе, ҚР Құрметті журналисі Батырбек Мырзабеков Ғазиз Елеусізбайұлының шыққан жері, өскен ортасы туралы, шығармашылығы жайында әңгіме өрбітті.

Ғазиз Ештанаев 1958 жылы 22 наурызда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Кеңшоқы кеңшарында (қазіргі Нұра ауылы) дүниеге келген. Атасы Опи діндар әрі қисса-дастандарды көп білетін кісі болыпты. Әкесі Елеусізбайдың да ақындығы бар екен. Ғазиз ақынның бойындағы дарын осы атаның, әкенің бойындағы өнердің жұрнақтары болса керек. Ең алғашқы өлеңі 1970 жылы Шет аудандық «Ильич туы» газетінде жарық көрген екен. Міне содан бері аттай 50 жыл өтіпті. Қазір Ғазиз Елеусізбайұлы – республикаға кеңінен танымал ақын, аудармашы, драматург, Қазақстан Жазушылар және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің Құрметті қызметкері, ғалым, филология ғылымының кандидаты, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы.

Отыздан астам ғылыми мақаласы жарық көрген. Көптеген ғылыми тарихи-танымдық жобалардың авторы, үйлестірушісі, француз моралистері Ф.де Ларошфуко, Б. Паскаль, Ж. Де Лабрюйердің (XVII) даналық ойларын ( максималарын), Еуропа ақындарының (Словения, Латвия, Эстония, Литва) өлеңдерін аударған. Ол аудармалары «Әлем әдебиеті кітапханасы сериясымен «Аударма» баспасынан басылып шыққан жинақтарға енді.

Ғазиз Ештанаев есімі жыр сүйер қауымға облыстық, республикалық мүшәйралардың жеңімпазы ретінде де жақсы таныс. Үнемі ізденіс, шабыт үстіндегі ақын Ғазиз – Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов, Назыр Төреқұлов, Қасым, Абайдың 150 жылдық мерейтойлары мен Жезқазған қаласының 50, 60 жылдығына, Төлегетай-Кетбұқа бабаларға арналып өткен республикалық жыр мүшәйраларының жүлдегері. Сонымен қатар ақын жырына бірнеше ән де жазылған. Кеш барысында Т.Қалмағанбетов атындағы филармония әншілері А.Сағандықов пен Б.Арыстанның орындауында ақынның сөзіне жазылған «Анашым» және «Жалғыз киік» әндері орындалды.

Ғазиз ақынның «Абайдың армандары бар», «Күздің күні», «Тәулік тамам болғанда», «Тірлік-көкпар», «Бұғылым менің, тағылым менің...», «Кешір бізді», «Қасымнан қалған...» т.б. жырларын Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің оқушылары жатқа оқып, көрермендердің ықыласына бөленді.

Ғазиз Елеусізбайұлы «сегіз қырлы, бір сырлы» деп айтсақ, артық айтқандық болмас. Ғазиз – ақын, Ғазиз – драматург. Ақынның баспасөзбен байланысы жайлы, баспасөзде жарық көрген материалдары, қоғамдық белсенділігі жайлы, нәзік иірімге, сыршыл сазға толы өлең жырлары жайлы Қарағанды облысының Құрметті азаматы, Жезқазған қаласының ардагері, «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Т.Бүкіров, ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі С.Смағұл, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің аға оқытушысы, доцент, ақын, драматург К.Ахметов ойларымен бөлісіп, ақынға ақ тілектерін білдірді.

Кеш соңында Ғазиз Елеусізбайұлы өз өлеңдерін оқып, жас талапкер оқушыларға қолтаңбасын беріп, кітаптарын кітапханаға және мектепке сыйға тартты.

Өртім де өлең өртеген,
Дертім де өлең.
Саған барып байланғам еркімменен,
Саған тағам үкімді желкілдеген, – деп, өлеңді мәңгілік жолдас дос еткен, бірбірін тапқан ақын мен өлең ғұмыры ұзақ болғай!

**Салтанат НҰРЛЫБАЕВА,**
**Мәдениет саласының ардагері**

КӨКЕЙКЕСТІ

# ЕСКІРГЕН және АПАТТЫ ҮЙДЕГІЛЕР КӨШІРІЛЕДІ

***тұрғындар енді неге алаңдаулы?***

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Келесі 6-пәтер иесі Ахметбек Шакиров деген жас отбасы анасымен бірге тұрады. Үйдің бұзылатыны жайлы сырт естігені болмаса, бұлардың қолдарына нақты ешқандай құжат тимепті. Ал, Абай көшесіндегі №59 үйдің 5-ші пәтеріндегі екі бөлмеде 7 жан тұрады. Замира Шекерпалова әкімдік тарапынан 17 наурыз күні жіберілген ескерту хатты көрсетті. Онда жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай жариялануына байланысты бұл үйдегі тұрғындардың көшіруге жататындығы, өтемақы аударуға 10 күннің ішінде банкідегі есепшотын тапсыру қажеттігі, реквизиция туралы актіге қол қойылған соң 60 күннің ішінде өтемақы төленетіндігі айтылған. Бірақ, өтемақы көлемі көрсетілмеген. Үйге әлі бағалау жұмыстары жүргізілмепті. Екі бөлмеге «3,5 млн теңге береді екен» дегенді сырт адамдардан естіген. Замираның күйеуі Рахымберген Айменов біраз жыл бұрын инсульт алып, бірінші топтағы өмірлік мүгедектік санатына жатқызылған соң әкімдіктегі тұрғын үй кезегіне 905-ші болып тіркеліпті. Кезектің бар жылжығаны қазір 765-ке түсіпті. Қазіргі отырған пәтер – күйеу баласы Ұлан Қасымовтың атында.

– Бұл үйлер кезінде «Степлаг» тұтқындарының күшімен салынған ағашқалқанды баспана ғой. Ресми түрде тозығы жеткен үй қатарына жатқызылғанына да жиырма жылдай болған шығар. Содан бері көршілер бірлесіп ақша жинап, жамап-жасқап өзіміз жөндеген болып жүрміз. Бірақ, әбден тозығы жеткен соң болмайды екен, үгітіліп құлай береді. Мұндай үйлерді бұзып, жаңартқанына түсінікпен қараймыз. Енді қолға өтемақы тисе амалсыз несиеге кіруге тура келеді. Басқа не істей аламыз, – дейді З.Шекерпалова.

Абай көшесіндегі тағы бір екі-үш пәтердің есігін қаққанымызда ондағылар пәтер жалдап тұратындар болып шықты. Үйдің бұзылатындығы туралы нақты ештеңе біле қоймайды. Қожайындары бұларға әлі істің мәнісін айта қоймаған сияқты. Некрасов көшесі №13 үйдің 8-пәтерінде тұратын Ярослав Купчак, Байқоңыров көшесі №30 үйдің 2-пәтерінің иесі Надежда Дробот тозығы жеткен үйлердің бұзылғанын жөн санайды. Надежданың осы көшедегі 36-үйде үш бөлмелік екінші бір пәтері бар екен. Бұл үй де бағдарлама бойынша бұзылуға жатады. Бірақ, бұл тұрғындар да өтемақы көлеміне риза емес. Баспа-бас пәтер бергенін дұрыс санайды. Мүгедектігіне немесе отбасы жағдайының әлжуаздығына байланысты көп адамдар үй алу үшін қосымша несие ала алмайтындарын алға тартуда. Біз де өз кезегімізде қала әкімдігі тарапынан көрсетілетін көмек пен қолдаулар жайлы ақпараттарды жеткіздік.

Мәселен, бағдарлама аясында ескі және апатты үйлерді бұзу бойынша Жезқазған қаласының әкімдігі, «Отбасы банк» АҚ және құрылыс салушы «Inter Marketing-M» ЖШС арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Меморандум жасалған. Қала әкімі Меморандумға сәйкес қоныс аударатын тұрғындар арасындағы осал топтарға көмек көрсету мүмкіндігін қарастырмақшы. Өтемақы мөлшері жылжымайтын мүлікті бағалау кезіндегі нарықтық құн бойынша анықталады. Бағалау барысын тәуелсіз бағалаушылар жүргізеді. Қоныс аударатын үйлердегі пәтерлердің құнын анықтайтын бағалаушы компания конкурс жариялау арқылы анықталады. Өтемақы төлемдерінің мөлшері әлі нақты белгісіз. Барлық жұмыстар ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының аясында жүргізілетін болады.

Жалпы, қала әкімінің тұрғын үй қорын жаңартуға бағытталған бұл бағдарламасы өте игілікті шара екені даусыз. Бұл – ауқымды және аса жауапты іс. Кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бұл ізгі шараның бұзылатын үй тұрғындарына қатысты ауыртпалықтары да болатыны түсінікті. Алайда, қала тұрғындары пайдалану мерзімі әбден өтіп, тозығы жеткен үйден шығып, қоныс аударудың мүмкіндігі келіп тұрғанын да дұрыс түсініп, оңтайлы шешім қабылдай білулері керек. Әр отбасына салмақ салатын бұл шетін мәселеге қала әкімі де барынша көңіл бөліп, әрбір туындаған түйткілдерді апта сайын талқылап отырғанын көруге болады. Барлық мәселе оң шешімін тауып, жылжымайтын мүлікке меншік құқығы тоқтатылған соң барып үйлер бұзылады. Тозығы жетіп ескірген немесе апатты деп танылған баспаналар бұзылған соң орнына қаланың бас жоспарына сәйкес жаңа көпқабатты үйлер бой көтереді.

**Амандық РАХҰЛЫ**





*Суреттерде:* **Абай және Байқоңыров көшелеріндегі бұл үйлер бұзылғанда орнына жаңасы салынады.**

# БАСПАНАЛЫ БОЛУҒА МҮМКІНДІК МОЛ



*(Соңы. Басы 1-бетте).*

– 2019 жылы елімізде жылдық 2 пайызбен жеңілдетілген несие беретін «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама арқылы көп балалы, толық емес отбасылардың және мүгедек балалары бар отбасылардың бастапқы және қайталама нарықтардан тұрғын үй сатып алуға мүмкіндігі бар. 2020 жылы аталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде кезекте тұрған 22 отбасы тұрғын үй жағдайларын жақсартты, – деген Нұрбол Садықов «Бақытты отбасы» бағдарламасының шарттарын кеңінен түсіндірді.

«Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысу үшін азамат міндетті түрде тұрғылықты жері бойынша әкімдікте кезекте тұруы қажет. Сонымен бірге, отбасының бір адамға шаққандағы табысы 42 500 теңгеден аспауы керек. Мәселен, егер отбасы алты адамнан тұрса, онда оның жалпы табысы 255 мың теңгеден жоғары болмауы тиіс. Сондай-ақ, отбасы мүшелерінің атында баспананың болмауы – басты талап. Пәтерді 20 жылға дейін 2% мөлшерлемесімен рәсімдеу үшін тұрғынның қолында бастапқы жарна болуы шарт. Бастапқы жарна тұрғын үй құнының 10%-ын ғана құрайды. Егер азаматтың бастапқы жарнаға ақшасы болмаса, әкімдіктен ақшалай төлем ретінде 1 миллион теңгелік сертификатқа арыз жазуға болады. Пәтердің құны кез-келген сомада болуы мүмкін, алайда 15 миллион теңгеден аспауы қажет.

Бүгін «Үйі жоқтың – күйі жоқ» деген ащы шындықты сезініп жүргендердің қарасы қалың екенін айтып жатудың өзі артық. Айлығы ішіп-жеуінен артылмайтындар үшін жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалар – тығырықтан шығатын жалғыз жол. Ендеше, «Нұрлы жер», «Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысамын дейтін азаматтар алдымен халыққа қызмет көрсету орталығына барып, әкімдіктің тұрғын үй кезегіне тұруға асығулары қажет. Тұрғын үй кезегіне ардагерлер, жетім балалар, әлеуметтік жағынан аз қамтылғандар, мемлекеттік қызметшілер мен бюджет саласының мамандары, сонымен қатар әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтардың 11 санаты (көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар және т.б) алынады. Баспаналы болу үшін олардың соңғы бес жылда атына тіркелген жылжымайтын мүліктің болмауы шарт.

**АНЫҚТАМА ҮШІН:**

- ***Бүгінде Жезқазған қаласында тұрғын үй кезегінде 2438 тұрғын бар.***
- ***Ұлы Отан соғысы ардагерлері немесе оларға теңестірілгендер– 18;***
- ***Жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар – 576;***
- ***«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І, ІІ дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған аналар, көпбалалы отбасылар – 225;***
- ***Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтары – 994;***
- ***Мемлекеттік қызметшілер, бюджетттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар – 508;***
- ***Жалғыз тұрғынжайы ҚР заңнамасында айқындалған тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған азаматтар – 117;***

**Диана ОРАЗАЛИНА**

## БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# ТӨРТІНШІ ТОҚСАН АРАЛАС ФОРМАТТА ОҚЫТЫЛАДЫ

Коронавирустық инфекцияға жол бермеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қабылдаған шешіміне және елдің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына сәйкес, өңір тәуекелі төмен және орташа аймақтарда (жасыл және сары аймақтар) болған жағдайда, барлық оқушылар аралас оқыту форматына көшеді:

Пәндердің 70%-ы штаттық режимде өтеді. Бұл – математика, тілдер, физика, химия, тарих, география, биология, дене шынықтыру пәндері;

30%-ы қашықтықтан оқытылады. Бұл – информатика, құқық негіздері, өзін-өзі тану, көркем еңбек, графика және жобалау, кәсіпкерлік және бизнес негіздер пәндері;

Сыныптардағы балалар саны 25 оқушыдан аспайды.

Оқу процесі «1 сынып – 1 кабинет» қағидаты бойынша сабақтың ұзақтығы 40 минут, барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып ұйымдастырылады.

Білім берудегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жалғасуда. Осы мақсатта сабақтан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда жеке сабақтар өткізілетін болады.

Сабақ кестесі оқытудың аралас форматын ескере отырып, жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалады, үзілістер әр түрлі сыныптар үшін әр түрлі уақытта ұйымдастырылады. Барлық кіру есіктері мен шығу есіктері пайдаланылады, ауысымдар саны артады.

Міндетті мектеп формасын киюдің қажеті жоқ, балалар мектепке ұқыпты және ыңғайлы киіммен бара алады. Сыныптарда бетпердесіз болуға рұқсат етіледі.

Мектеп асханаларының, мектеп-интернаттардың жұмысы аумақтық Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлердің келісімі бойынша жалғастырылатын болады.

Ата-аналармен және заңды өкілдермен байланыс қашықтықтан интернет-ресурстарды және басқа да қолжетімді байланыс құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады.

Мектепке дейінгі мекемелерде (балабақшалар, шағын орталықтар) санитарлық талаптарды қатал сақтай отырып, кезекші топтарда 25 балаға дейін қабылданады.

### 1-СЫНЫПҚА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ

1-сыныпқа құжаттарды қабылдау 1 сәуірден басталып, 1 тамызға дейін жалғасады. Бұл оқу процесінің барлық қатысушыларына ыңғайлы болу үшін жасалды. Ата-аналар қажетті құжаттарды уақытында тапсырып, оқу құралдарын жинай алады.

Өтінішті электрондық үкімет egov.kz арқылы немесе e.bilimal.kz, сондай-ақ қағаз нұсқасында келесі құжаттарды ұсына отырып, бере алады:

1) ата-аналардан (немесе олардың орнындағы адамдардан) өтініш;

2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;

3) 026/у-3 «баланың денсаулық паспорты» нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат;

4) 063/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы құжат;

5) 2 дана 3×4 фото суреті.

Құжаттарды қабылдау мектептің қызмет көрсету аумағынан алғашқы үш өтініш берушіге жүргізіледі, содан кейін бір өтініш берушінің құжаттары басқа шағын учаскеден қабылданады (3:1 қағидаты бойынша).

1-сыныпқа барлық 6 жастағы балалар және ағымдағы күнтізбелік жылы 6 жасқа толатындар қабылданады.

### МЕКТЕП ТҮЛЕКТЕРІН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

**9-сынып оқушылары 3 емтихан тапсырады:**

– оқыту тілі бойынша эссе түріндегі жазбаша емтихан;

– математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан;

– орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан.

**11-сынып оқушылары 4 емтихан тапсырады:**

– эссе түрінде оқыту тілі бойынша жазбаша емтихан;

– алгебра және талдау бастамалары бойынша жазбаша емтихан;

– Қазақстан тарихы бойынша тестілеу;

– орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі бойынша тестілеу және қазақ тілінде оқытатын мектептердегі орыс тілі бойынша тестілеу.

Барлық сұрақтар бойынша білім бөлімінің жедел желі **73-30-52, 73-30-48,** телефоны, сондай-ақ t.me/zhezgoo телеграмм-арна арқылы хабарласуға болады.

**Жезқазған қаласының білім бөлімі**

***Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Наурыз мейрамының мазмұнын байыта түскентұжырымдама жазуды ұсынды. Соған орай 19 наурыз – Шымырлық пен шеберлік күні болып белгіленді. Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде «Кимешек – ұлттық қасиетті бас киім» атты шеберлік сабағын өткіздім. Шеберлік сабақта кимешектің түрлері, қазақ жерінің оңтүстігі, солтүстігі, батысы мен шығысы, орталығында әйелдердің кимешекті қалай кигені, тігу тәсілдері таныстырылды. Сондай-ақ музей қорындағы және өзім тіккен кимешектер коллекциясын әр жастағы музейіміздің қыз-келіншектері киіп, күй әуенімен көрермендерге ұнады.***



# АНА КӨРКІ – КИМЕШЕК

Енді сол қасиетті бас киім – кимешек тарихына тоқталсам. Қазақ әйелдеріне тән ерекше киім – кимешекті ақ мата, кейде жібек матадан тігіп, жиегін көмкеріп, сан алуан түрмен әшекейлеп тігеді. Кимешектің әшекейі әйелдің жас ерекшеліктеріне қарай өзгеріп отырған. Кимешек шылауышты жас келіншектер, орта жастағы әйелдер, кемпірлер киеді. Салт бойынша кимешекті келіншек балалы болғаннан кейін киеді. Бірнеше баланың анасы болған әйелдердің бет жақтауларына күміс құймалар, маржан, меруерт сияқты асыл тастар қадап, жібек жіп немесе оқамен зер төккен. Кимешек қасиетті киім саналады. Кимешектің ана мен баланың тазалығы үшін маңызы зор. Кимешек бала емізген кезде анасының кеудесін көлегейлеп, жат көзден қалқалауға мүмкіндік береді. Бұл келіншектің әдеп пен иба сақтаудағы беделін көтереді. Кимешек шаң-тозаңнан да қорғайды, желге қақтырмайды, күн өткізбейді. Қазақтың рулары мен тайпалары ішінде кимешектің тігілу ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі үлгілері болады. Осыған орай олардың атаулары да ру-тайпасына, кейде үлгі ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады.



Келіншек енесімен, абысын-ажынның көмегімен кимешек пішіп, әшекей кестелерін өзі тігеді. XIX ғасырдың басынан бері оларды тек ақ матадан ғана тіккен, бірақ XVIII ғасырдағы мәліметтер бойынша оған түсі басқа маталарды да пайдаланған. Бұл бас киім негізінен екі бөлімнен тұрады. Төменгі бөлігі – кимешек, кимешектің жоғарғы бөлігіне жаулық болады.

Әр өңірдің кимешектері әр түрде тігілген. Мысалы, Солтүстік Батыс Қазақстанда (Орал және Торғай облысында) кимешек үшбұрыштап бүктелген шаршы матадан ғана тұрған. Оны басқа тартып, шеттерін кеуде тұстан айқастырған, не желке жағына жіберген. Қазақстанның басқа аймақтарында төменгі баскиім ретінде бет шығатындай алды ашық, иықты, кеудені жауып, арт жағы үшбұрыштанып арқаны жауып, төменге қарай құйрығы жіңішкеленіп кететін кимешек киген.

Кимешектердің әшекейленуі – олардың иелерінің әлеуметтік мансап – дәрежесін немесе бас киімді киюге себеп болған қандай да бір рәсімді паш етіп көрсетіп тұрады.

Кимешек кеуде, иық, жонды жауып тұратын тұйық, ал адамның бет-әлпеті шығып тұратын жері «ойық» болады. Кимешекті басқа сәйкестіре пішіп тігеді. Ол шықшыт, жақ, құйрықша аталатын негізгі бөліктерден тұрады: оның иекті айнала маңдайды жауып тұратын ұзын ұшы бар бөлігін «құйрықша» деп атайды. Кимешектің кеуде жағын бет жақтауларын көмкеріп кестелейді. Кестелеуде ақ түсті жіптер таңдалады және кесте тігу техникасының бірнеше түрлері пайдаланылады.

Жас ерекшеліктеріне байланысты келіншектер неғұрлым әшекейлі өрнектерді тігіп, әдемі киінген. Ал егде әйелдер кимешектің жағын онша әшекейлемеген. 30 жастан асқан әйелдер кимешектеріне күміс теңгелер мен моншақтарды сирек таққан. Қазақтың рулары мен тайпалары ішінде кимешектің тігілу ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі үлгілері болады. Осыған орай олардың атаулары да ру-тайпасына, кейде үлгі ерекшелігіне, таралған аумағына қарай әртүрлі болуы ықтимал. Жетісу өңірінде жақтағы жалпақ кестелерге қосымша моншақтар, күмістен жасалған тағымдар қоса тігілген. Бұл кимешекке сән беріп, әрі төмен қарай басып, жазылып тұруға әсер етеді. Найман руының қызай елінің кимешектері жағына және кеудесіне салынған күрделі ашық түсті кестелерімен ерекшеленген, оларға түрлі бұйымдар қадамаған. Кестесіне қарай кимешек қызыл жақ, сары жақ, ақ жақ деп үшке бөлінеді. Ақ жонды кимешекті қарт әжелер, қызыл-келіншектер, сары – жас әйелдер киген.

Ал Солтүстік және Орталық Қазақстан өңірлерінде кестеге аса мән бермеген, бірақ күмістен түрлі тастардың жасалған тағымдар қадалған. Оңтүстік Қазақстан мен Маңғышлаққа кестелеумен қатар түстері ашық маталармен, тоқыма ызбалармен шеттіктеген. Кеудесі мен жауырын бөліктерінің төменгі жақтарына шашақтар тіккен.

Кимешектерлің көне түрі – орама кимешекті Ақмоланың қазақтары (арғындар, наймандар) XX ғасырдың 20-30 жылдарына дейін киген. Мата тігілмей, ерекше тігілген бет-әлпеті шығып тұратын бөлігіне ойықша жасалған, оны басқа ораған кезде кәдімгі кимешектен айырмашылығы болмаған.

Кимешектің екінші бір түрі тұтас матадан тігіліп, бір жақ қырынан келетін жағынан бас сұғатын орын қалдырылып, бір-ақ тігіспен тігілетін болған. Бұл Омбы, Атбасар, Әулиеата және оңтүстіктегі қоңыраттарда, Қызылорда өңірінде көп кездеседі.

Солтүстік және Орталық Қазақстанда кимешектердің алдыңғы жағы трапеция немесе үшкірленіп киініп, жоғары бөлігінде бет шығып тұратын орын қалдырылған. Арқа жағы дұрыс ромб түрінде келеді де, құйрығы тізеге, тіпті өкшеге дейін түсетін болған. Шығыс Қазақстан кимешектерінің құйрық бөлігі қысқалау, алдыңғы жағының жоғары бұрыштары қиғаш келген төртбұрыш секілді. Оның екі жағына квадратқа жақын түрдегі жақтаулар бекітіліп тігілген. Сырдария бойындағы Кіші жүз руының бірінде пішіні өз бетінше бөлек бүрмелі кимешек түрі болған. Оңтүстік өңірде кеңінен тараған кимешек – ұзынан екіге бүктеліп пішілген мата бөлігінен жасалатын түрі. Бүктеу барысында тура бұрыштың жартысынан бастап қиғаштай кесіп алып, кесілген жерді тігіп алады. Тігіс арқаның ортасына түседі. Пішін бұрыштары жоқ үшбұрыш түрінде болған.

Кимешектің әшекей әйелдерінің жас ерекшеліктеріне қарай біртіндеп өзгеріп отырған. Кимешек те қасиетті киімге жатады. Кимешектің ана мен баланың тазалығы үшін маңызы зор, көшпенділік өмірге бейімделіп жасалған. Әйел денесінің шын кіршіксіз ұсталуы үшін де пайдасы көп. Әйелдердің көркін келтіретін киімдерінің бірі.

XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап кимешек қолданыстан шығып, оны тек егде жастағы әйелдер ғана киетін болған. «Кимешекті кигенің – ана болғаның, Ақыл айтар – дана болғаның» демекші қазақ әйелдеріне тән кимешектің қасиетін ұмытпайық. Ұлттық құндылықтарымызды, ұлттық киімдерімізді дәріптейік!

**Сәбира ӨТКЕЛОВА,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейдің суретші-безендірушісі**

# МЕКТЕПТЕГІ МЕДИАЦИЯ БІТІМГЕРШІЛІККЕ БАСТАЙДЫ

***Білім берудегі медиация – бұл білім беру ұйымдарындағы жанжалды жағдайларды азайтуға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, жанжалды жағдайларға қатысушыларды әлеуметтік оңалтуға әкелетін жанжалсыз орта құру жолы.***

2018 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында Қарағанды облысы бойынша білім беру мекемелерінің педагогтері үш кезеңде оқытылды. «Жалпы медиация курсы», «Мамандандырылған медиация курсы», «Медиаторлар жаттықтырушыларын даярлау курсы» бағдарламалары бойынша оқыған 210 педагогтің 28-і сәтті өтті, оның ішінде Жезқазған қаласы бойынша 6 педагог кәсіби медиатор-жаттықтырушы атанды.

Медиатордың басты міндеті тараптарға дауды мүмкіндігінше тезірек өзара тиімді және өміршең шешімге келтіруге көмектесу болып табылады.

Медиатор заң, психология, философия саласындағы белгілі бір білім мен дағдыларға, шешендік пен беделге ие болғаны абзал. Ол судья мен дауласушы арасындағы делдал болмайды, ешкімнің мүддесін қорғамайды, оның позициясы мен әлеуметтік мәртебесі қандай да бір түрде күш қолдануды білдірмейді. Медиатордың жұмысы – екі қақтығысушы тарапқа сотқа дейін консенсусқа келуге көмектесу.

Медиатор – дәстүрлі сот төрелігін жүзеге асыратын судьяны алмастырмайды. Ол қақтығыстарды шешудің балама әдісін ұсынып, екі тарапты татуластыруға, сотқа жүгінбеуге атсалысады.

Медиация рәсімі бар болғаны 30 күнге созылуы мүмкін, бұл сот процесіне қарағанда әлдеқайда жылдам.

Мектептегі медиация қызметінің ерекшеліктері қандай деген сұраққа жауап іздесек. Медиация қызметі педагогтердің (ересек медиаторлардың) және білім алушылардың (құрдастарының медиаторларының) бірлестігі болып табылады. Қызмет оқу орнында педагогтер мен білім алушылардың ерікті күш-жігері негізінде жұмыс істейді.

Медиацияның қызметі балалар үшін де, ересектер үшін де қауіпсіз ортаны қалыптастыруға, түрлі жанжалды жағдайларда конструктивті мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған.

Білім беруде медиативті тәсілдің таралуы балалар мен жасөспірімдер қылмысының, кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтардың, суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады.

Медиативтік тәсіл – күнделікті жағдайларда медиация жүргізбестен даулар мен жанжалдардың алдын алу және тиімді шешу үшін негіз жасайтын оң саналы қарым-қатынас дағдыларын меңгеруді көздейтін тәсілдеме.

Медиация қызметінің негізгі мақсаты балалар мен жасөспірімдерді толыққанды дамыту және әлеуметтендіру үшін, оның ішінде өмірлік қиын жағдайлар туындаған кезде, оның ішінде олардың заңмен қайшылыққа түсуі үшін қолайлы, ізгілікті және қауіпсіз орта қалыптастыру болып табылады. Қойылған мақсатқа қол жеткізу медиативтік құзыреттерді білім беру процесі мен тәрбиелеу жүйесіне интеграциялау, әрбір отбасы мен әрбір бала үшін медиацияға еркін қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету, оқушыларды даулар мен жанжалды жағдайларды реттеудің өркениетті әдістеріне оқыту және жанжалдардың салдары үшін жауапкершілік, оқушылар мен педагогтерді медиацияның қағидаттары мен артықшылықтары туралы хабардар ету, күнделікті практикада медиация техникалары мен құралдарын қолдану арқылы педагогтердің біліктілігін арттыру және т. б. арқылы қамтамасыз етіледі.

Бұл ретте медиацияның көмегімен отбасы мен балаларға көмек көрсетудің, сондай-ақ, барлық жастағы және топтағы балалардың, оның ішінде өмірлік қиын жағдайға тап болған немесе заңмен қайшы келген балалардың құқықтары мен мүдделерінің кепілдіктерін қорғау мен қамтамасыз етудің жаңа, неғұрлым тиімді жүйесі құрылды.

Медиацияда жанжал тараптары өз жағдайының сарапшылары болып табылады, сондықтан олар өздері ең жақсы шешім таба алады және оны мәжбүрлеусіз жүзеге асыру үшін жауапкершілік ала алады.

Келтірілген зиянды түзеткені үшін жауапкершілік тек құқық бұзушылық кезінде ғана емес, жанжалда да қаралады.

Тұлғаның тиімді дамуы мен әлеуметтенуі үшін әлеуметтік-қауіпсіз ортаның қалыптасу деңгейінің негізгі индикаторлары:

– педагог қызметкерлерді, сондай-ақ балаларды медиация негіздеріне оқыту («тең топтар» тобында медиативтік тәсіл және оң қарым-қатынас технологиялары) есебінен білім беру процесіне қатысушылар арасында туындайтын сөзсіз қақтығыстардың деструктивті әсерін төмендету»);

– балалар арасында агрессиялық, зорлық-зомбылық және бейәлеуметтік көріністерді төмендету;

– кәмелетке толмағандар жасайтын құқық бұзушылықтар санын қысқарту;

– бала дамуының қолайсыз траекторияларын болдырмау үшін жағдай жасау;

– білім беру процесінің барлық қатысушыларының әлеуметтік және даулы құзыреттілік деңгейін арттыру.

Мектептегі медиация қызметінің негізгі функциялары:



Қалпына келтіру – қоғамдағы жәбірленуші мен құқық бұзушының мәртебесін, олардың арасындағы қарым-қатынасты және мектеп қауымдастығын қалпына келтіру.

Білім беру – оқушылар мен педагогтердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыру.

Тәрбиелік-рефлексияның, тәуелсіздіктің дамуын ынталандыру, жауапкершілікті қабылдау, болашақты жоспарлау, қатынастардың құндылығын түсіну.

Профилактикалық-қақтығыстардың алдын алу.

Оқушылар, педагогтер, ата-аналар арасында жанжал туындаған жағдайда бірінші кезекте мектеп әкімшіліктеріне, сондай-ақ Жезқазған қаласы білім бөлімінің кәсіби медиатор-жаттықтырушысына **8(7102) 733052** телефоны бойынша хабарласуға болады.

**Гауһар ЖАҚЫПБЕКОВА,**
**Қарағанды облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің тәрбие бойынша бас маманы, кәсіби медиатор-тренер**

# ОТЧЕТ АО «ПРЕДПРИЯТИЕ ТЕПЛОВОДОСНАБЖЕНИЯ» г. ЖЕЗКАЗГАН

***по итогам 2020 года об исполнении утвержденной тарифной сметы, об исполнении утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами***

*29 марта 2021 года в 15. 00 ч. состоялись слушания отчета АО «Предприятие тепловодоснабжения» (юр.адрес: г.Жезказган, ул.Холмецкого, 20) по итогам 2020 года перед потребителями и иными заинтересованными лицами с трансляцией в прямом эфире посредством социальной сети «Facebook» с официального аккаунта АО «ПТВС».*

*Выступление директора АО «ПТВС» содержало следующую информацию:*

Акционерное общество «Предприятие тепловодоснабжения» оказывает следующие виды регулируемых услуг:

– услуги по передаче и распределению тепловой энергии;

– услуги по снабжению тепловой энергии;

– услуги подачи воды по распределительным сетям;

– услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая-непитьевая вода);

– услуги по отводу и очистке сточных вод;

– производство, передача, распределение и снабжение тепловой энергией пос. Геологический (тариф утвержден в упрощенном порядке).

АО «ПТВС» является предприятием со 100 % государственным пакетом акций в управлении.

Финансово-хозяйственная деятельность АО «ПТВС» за 2020 год характеризуется следующими данными:

– доход от реализации услуг 5 458 млн. тенге;

– себестоимость реализованной продукции 4 821 млн. тенге;

– административные расходы и расходы по реализации 561 млн. тенге;

– прочие доходы 234 млн. тенге;

– прочие расходы 484 млн. тенге;

– итоговая прибыль/+/, убыток /-/ после налогообложения от продолжающейся деятельности – 174 млн.тенге.

**АНАЛИЗ ОБЪЕМОВ ПРЕДОСТАВЛЕННЫХ РЕГУЛИРУЕМЫХ УСЛУГ ЗА 2020 Г**

| Виды регулируемых услуг | Объем оказываемых услуг в натуральном выражении | | Объем оказываемых услуг в стоимостном выражении, без НДС | | Причины отклонения |
|---|---|---|---|---|---|
| | Утвержден в тарифной смете | Фактически за 2020 | Утвержден в тарифной смете | Фактически за 2020 г | |
| Передача и распределение тепловой энергии | 630,814 тыс. Гкал | 655,775 тыс. Гкал | 1 540 млн тенге | 1 716 млн тенге | Рост связан с: – вводом новых объектов, – соблюдением графика температурного режима с учетом температуры наружного воздуха |
| Снабжение тепловой энергией | 630,814 тыс. Гкал | 655,775 тыс. Гкал | 1 296 млн тенге | 1 486 млн тенге | |
| Услуги по подаче воды по распределительным сетям (питьевая вода) | 16 428 тыс м³ | 15 595 тыс м³ | 1 364 млн тенге | 1 343 млн тенге | Снижение связано с потреблением услуг по фактическим показаниям приборов учета |
| Услуги по отводу и очистке сточных вод | 18 876 тыс м³ | 17 092 тыс м³ | 592 млн. тенге | 532 млн тенге | Снижение объемов потребления воды привело к снижению объемов сточных вод |
| Услуги по подаче воды по распределительным сетям (техническая - непитьевая вода) | 3 116 тыс м³ | 651 тыс м³ | 97 млн. тенге | 20,3 млн. тенге | Снижение связано с: – прекращением полива общественных огородов; – переводом ряда промпредприятий на оборотное водоснабжение |
| Услуги по производству, передаче, распределению и снабжению тепловой энергией в пос. Геологический | 6,19 тыс. Гкал | 5,3 тыс. Гкал | 82,9 млн. тенге | 17,2 млн. тенге | Снижение в стоимостном выражении связано с применением для расчетов тарифа на уровне населения г.Жезказган |

АО «ПТВС» обеспечено <u>*постатейное*</u> исполнение тарифных смет. На представленных слайдах была показана информация об исполнении тарифных смет, по видам услуг, постатейно, с указанием причин отклонения. Отчет будет предоставлен в ДКРЕМ по Карагандинской области до 1 мая 2021 года.

На представленных слайдах были показаны мероприятия утвержденной инвестиционной программы по видам услуг, фотоматериалы о ходе выполнения инвест. программы.

**ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИСПОЛНЕНИИ УТВЕРЖДЕННОЙ НА 2020 ГОД ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ**

| № п/п | Информация о плановых и фактических объемах предоставления регулируемых услуг (товаров, работ): Наименование регулируемых услуг (товаров, работ) и обслуживаемая территория | Наименование мероприятий | Единица измерения | Количество в натуральных показателях: план | Количество в натуральных показателях: факт | Период предоставления услуги в рамках инвестиционной программы (проекта) | отчет о прибылях и убытках | Сумма инвестиционной программы (проекта): план | факт | отклонение | причины отклонения | Информация о фактических условиях и размерах финансирования инвестиционной программы (проекта), тыс. тенге: собственные средства: амортизация | собственные средства: прибыль | Заемные средства | Бюджетные средства | Информация о сопоставлении фактических показателей исполнения инвестиционной программы (проекта) с показателями, утвержденными в инвестиционной программе (проекте): Улучшение производственных показателей, %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы: факт прошлого года | факт текущего года | Снижение износа (физического) основных фондов (активов), %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта): факт прошлого года | факт текущего года | Снижение потерь, %, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта): план | факт | Снижение аварийности, по годам реализации в зависимости от утвержденной инвестиционной программы (проекта): факт прошлого года | факт текущего года | Разъяснение причин отклонения достигнутых фактических показателей от показателей в утвержденной инвестиционной программе (проекте) | Оценка повышения качества и надежности предоставляемых регулируемых услуг (товаров, работ) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 1 | услуги по передаче, распределению и снабжению тепловой энергии | капитальный ремонт тепловых сетей | шт | 18 | 13 | 2020 | | 521805,0 | 250676,00 | 271129,0 | | 250676 | 0,0 | 0 | 0 | | | | | | | | | | отсутствие аварийности, качественное оказание услуг |
| 2 | услуги подачи воды по распределительным сетям | капитальный ремонт водопроводных сетей | шт | 7 | 3 | 2020 | | 751190 | 313685 | 437505 | | 313685 | 0 | 0 | 0 | | | | | | | | | | |
| 3 | услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая непитьевая вода) | капитальный ремонт водопроводных (поливочных) сетей | шт | 2 | 1 полностью, 1 частично | 2020 | | 30375,0 | 7939,00 | 22436,0 | | 7939 | 0 | 0 | 0 | | | | | | | | | | отсутствие аварийности, качественное оказание услуг, приобретение (восстановление) основных средств |
| 4 | услуги по отводу и очистке сточных вод | капитальный ремонт канализационных сетей, приобретение насосного и другого оборудования | шт | 9 | 5 | 2020 | | 202728,00 | 32898,00 | 169830,0 | | 32898 | 0 | 0 | 0 | | | | | | | | | | |

Отклонение фактических показателей от плановых связано с:

1) исполнением части мероприятий хозяйственным способом;

2) экономией, полученной по результатам проведения конкурсных процедур, согласно законодательству Республики Казахстан;

3) неисполнением 1 мероприятия по капитальному ремонту тепловых сетей от ТК-39 до ул.Есенберлина,61 протяженностью 800 п.м на сумму 19 502 тыс тенге. Сумма будет возвращена потребителям через компенсирующий тариф.

4) с корректировкой утвержденной инвестиционной программы 2020 г в части переноса 14 неисполненных или частично исполненных мероприятия на 2021 год.

Как предприятие со 100% гос.пакетом акций, АО «ПТВС», согласно требованиям пп.1 п.1 ст.23 Закона Республики Казахстан от 27 декабря 2018 года № 204-VI «О естественных монополиях», осуществляет закупки посредством веб-портала гос.закупок, руководствуясь Законом Республики Казахстан «О государственных закупках».

В ходе исполнения инвестиционной программы по причинам, не зависящим от АО «ПТВС», вследствие обстоятельств непреодолимой силы (признание конкурсов гос.закупок работ несостоявшимся, действие карантина, срывы поставок ТМЦ по заключенным договорам и т.д) 14 из 36 мероприятий утвержденной инвестиционной программы не исполнены или исполнены частично.

Руководствуясь п.364 «Правил формирования тарифов», АО «ПТВС» направлено заявление об изменении утвержденной инвестиционной программы в части переноса неисполненных мероприятий утвержденной инвестиционной программы 2020 года на 2021 год.

Все остальные запланированные мероприятия инвестиционной программы выполнены в полном объеме. Отчет будет предоставлен в ДКРЕМ по Карагандинской области до 1 мая 2021 года.

Результатом качественного выполнения инвестиционной программы служит своевременная подготовка и безаварийное прохождение отопительного сезона 2020-2021 гг., недопущение сверхнормативных потерь энергоресурсов.

Предприятие **постоянно** ведет претензионно-исковую работу с должниками, в том числе по отключению от услуг, и переписку по спорным вопросам. Необходимая информация доводится до сведения потребителей через средства массовой информации. Несмотря на предпринимаемые меры, не все потребители выполняют обязанности по своевременной оплате за потребленные услуги, нарушая норму Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях».

Качество предоставляемых услуг соответствует санитарным нормам и правилам.

Разработанные и утвержденные ДКРЕМ по Карагандинской области для АО «ПТВС» показатели качества и надежности регулируемых услуг, показатели эффективности деятельности субъектов естественных монополий отсутствуют.

В связи с окончанием срока действия тарифов на регулируемые услуги на 2016-2020 гг, Приказом ДКРЕМ по Карагандинской области № 13-ОД от 28.01.2021 г.утверждены тарифы на 2021-2025 гг.

| № п/п | Виды услуг | Действующие в 2020 год | Утверждены на 2021- 2025 гг: с 1 марта 2021 г | с 1 апреля 2021 г | с 1 октября 2021 г |
|---|---|---|---|---|---|
| *1* | ***Услуги подачи воды по распределительным сетям, тенге за 1 м³ без НДС*** | | | | |
| 1.2 | Среднеотпускной | 83,03 | 101,31 | | |
| 1.3 | Для населения | 33,97 | | 36,01 | |
| 1.4 | Для бюджетных организаций | 120,33 | | 331,75 | |
| 1.5 | Для прочих потребителей | 100,66 | | 110,72 | |
| *2* | ***Услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая – непитьевая вода), тенге за 1 м³ без НДС*** | | | | |
| 2.1 | среднеотпускной | 31,14 | 38,56 | | |
| *3* | ***Услуги по отводу и очистке сточных вод, тенге за 1 м³ без НДС*** | | | | |
| 3.1 | Среднеотпускной | 31,38 | 33,67 | | |
| 3.2 | Для населения | 15,92 | | 16,88 | |
| 3.3 | Для бюджетных организаций | 43,51 | | 48,97 | |
| 3.4 | Для прочих потребителей | 37,84 | | 40,49 | |
| *4* | ***Услуги по передаче и распределению, снабжению тепловой энергией, тенге за Гкал без НДС*** | | | | |
| 4.1 | Среднеотпускной | 4 495,54 | 4 364,01 | | |
| 4.2 | Для населения | | | | |
| | имеющих ОПУ | 2 656,61 | 2 656,61 | | 2 816,01 |
| | не имеющих ОПУ | 3 187,93 | | | |
| 4.3 | Для бюджетных организаций | | | | |
| | имеющих ОПУ | 9 346,28 | 11 817,07 | | 9 986,33 |
| | не имеющих ОПУ | 14 019,42 | | | |
| 4.4 | Для прочих потребителей | | | | |
| | имеющих ОПУ | 4 910,06 | 5 562,81 | | 5 718,78 |
| | не имеющих ОПУ | 7 798,33 | | | |

Еще раз обращаем Ваше внимание, что тарифы утверждаются единые (средние) тарифы на 2021 - 2025 гг, т.е. «замораживаются» на весь 5-летний период, т.е. рост 6-10% сейчас – это 1 – 2 % в год, что значительно ниже инфляции. Приборы учета установлены, неоднократно восстановлены, поэтому возможность экономии энергоресурсов находится в руках самих потребителей.

Потребители, проживающие и расположенные в домах, где отсутствует техническая возможность установки ОПУ тепловой энергии, за счет утверждения единого тарифа и перераспределения затрат, фактически приравнены по оплате, в целом по группе.

На поступившие вопросы были даны ответы. Выступления запротоколированы и будут обязательно учтены в работе предприятия.

ПРОКУРАТУРА ЕСКЕРТЕДІ

# БЕЙБІТ ЖИЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

2020 жылғы 6 маусымнан күшіне енген «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңмен *(бұдан әрі – Заң)* жиналыстарды, митингтер мен пикеттерді ұйымдастыру және өткізбес бұрын хабарлама жасау қарастырылған.

Заңның 10 және 11-баптарына сәйкес олар өткізілгенге дейін **5 жұмыс күні бұрын** ұйымдастырушы әкімдікке қағаз жеткізгіште немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында хабарлама беруі тиіс, ол 3 жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Егер осы мерзім өткеннен кейін жауап берілмесе, ұйымдастырушы бейбіт жиналысты өткізе алады *(*Заңның 11-бабы 1-тармағының1-тармақшасы*)*.Хабарлама жолдау рәсімінің мәні осында болып табылады.

Демонстрациялар мен шерулер өткізу үшін бітімгершілік рәсім белгілененген. Бұл үшін өтініштер шара өткізілетін күннен **10 жұмыс күн бұрын** беріледі, олар бойынша жергілікті атқарушы орган **7 жұмыс күні ішінде** жауап беруге міндетті *(*Заңның 12, 13-баптары).

Бұл ретте бейбіт жиналыстар тек арнайы белгіленген жерлерде ғана өткізілуі керек *(Заңның 9*-бабы).

Жергілікті өкілді органдар мұндай жерлерді пайдалану тәртібін,олардың шекті толу нормаларын және материалдық-техникалық пен ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, сондай-ақ, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау рәсімін жүзеге асырады *(Заңның 8-бабы)*.

Бұл шаралар шерулерді өткізу маршруттарының ыңғайлылығын, көлік және инфрақұрылым нысандарының үздіксіз жұмыс істеуін, азаматтардың қауіпсіздігін, санитарлық нормалар мен ережелердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады *(*Заңның *1-ба*бы *3-тармақшасы, 8-бабы 2-тармағы 3-тармақшасы, 9-бабы 2-тармағы, 13-бабы 1-тармағы 4-тармақшасы)*.

Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу аталған іс-шаралар аяқталғаннан кейін мүмкін болады.

Қазіргі уақытта елде азаматтардың коронавирусты жұқтыруын болдырмау мақсатында карантин жалғасып жатқанын ескерген жөн.

Осыған қоса, белгіленген жаңа тәртіпті бұза отырып өткізілген бейбіт жиналыстарды ұйымдастырғаны және оларға қатысқаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 488-бабы бойынша 15 тәулікке дейін қамаққа алу түріндегі жаза қарастырылғанын түсіндіреміз.

Бұл әрекеттер азаматтардың, ұйымдардың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірумен сабақтасса, қылмыстық жауаптылық туындайды *(Қылмыстық кодекстің 400-бабы)*.

Сондай-ақ, Еңбек кодексінің *(бұдан әрі – Кодекс)* 162-бабы 2-тармағына сәйкес ереуіл жұмыс берушімен ұжым арасында орын алған еңбек дауында жұмыскерлердің әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік талаптарын қанағаттандыру мақсатында жұмысты толық немесе ішінара тоқтату екенін түсіндіреміз.

Кодекстің 171-бабына сай, егер татуластыру рәсімдері арқылы ұжымдық еңбек дауын шешуге қол жеткізілмесе, сондай-ақ, жұмыс беруші татуластыру рәсімдерінен жалтарған не ұжымдық еңбек дауын шешу барысында қол жеткізілген келісімді орындамаған жағдайларда, жұмыскерлер ереуіл өткізу туралы шешім қабылдай алады.

Кодекстің 176-бабына сай, ереуіл кодексте көзделген мерзімдер, рәсімдер мен талаптар ескерусіз жарияланған жағдайда заңсыз болып есептеледі.

Заңсыз ереуілге қатысуға мәжбүрлеу және ереуілге қатысуға жалғастыруға шақыру заңнаманы өрескел бұзу болып табылады және қылмыстық жауаптылыққа әкеледі *(Қылмыстық кодекстің 157, 402-баптары)*.

**Жезқазған қаласының прокуратурасы**

# 78 ЖЫЛДАН СОҢ ТАБЫЛҒАН ЖАУЫНГЕР

***Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 80 жылға таяу уақыт өтсе де сол сұрапыл қырғын салған жараның жазылар түрі жоқ. Қан-қасап майдан даласында қаза болған жауынгерлердің артында қаншама жар жесір, бала жетім, бауыр туғансыз қалды! Қаншама боздақ хат-хабарсыз кетті, осы күнге дейін ұрпақтары әкелері туралы бір дерек күтуде.***





Біздің бабамыз Тыныкеден төрт ұл туған. Олар – Көшербай Тыныкеұлы (1901 ж.т.), Тыныкеұлы Қыпшақбай (1903 ж.т.), Төлеген Тыныкеұлы (1905 ж.т.), Бөлеген Тыныкеұлы (1907 ж.т.).

Бәрі де соғысқа әр жылдары Қарсақбай әскери комисариатынан аттанған. Солардын ішінде тек Бөлеген әкеміз ғана 316-шы Панфилов дивизиясы құрамында шайқастарға қатысып, бірнеше рет жараланып, елге мүгедек болып оралды. Қалған үш ағайын осы күнге дейін хат-хабарсыз болып келіп еді. Ұзақ ізденістердің арқасында Төлеген әкеміз 1942 жылы бір топ жерлестермен майданға бара жатқанда әскери эшелонды жау самолеттерінің бомбалаунан қаза болып, Воронеж облысы, Байчурово станциясында бауырластар зиратына жерленгені анықталды.

Көшербай Тыныкеұлы 1943 жылы маусымда майданға Қарсақбай әскери коммисариатынан аттанған, артында жары Күлзапия Кенжебекқызы, 40 күндік ұлы Олжабай қалған.

Әскери архив деректерінің арқасында Көшербай әкеміз 1943 жылы 28 желтоқсанда Белоруссияда Витебск ауданындағы Зазыбы деревнясында қаза болып, 1500 жауынгер жатқан бауырластар зиратына жерлегені анықталды. 1952 жылы ол жерге егін салатын болып, Октябрь селсоветінің Шапуры деревнясына қайта жерленген уақытында тізімнен түсіп қалған. Витебск қаласындағы М.Ф.Шмырева атындағы әскери музей қызметкерлерінің араласуымен 2020 жылы 9 мамырға қарсы біздің әкеміз Көшербай Тыныкеұлы есімі Октябрь ауданының Шапуры деревнясындағы бауырластар зиратының тақтасына жазылды. Алла нәсіп етіп, 2021 жылы 15 наурызда Көшербайдың немересі Берік Олжабайұлы екеуміз әкеміз жатқан жерге құран бақыштауға аттандық. Айта кету керек, белорустықтар сонау қазақ даласынан ат арытып жеткен бізді өте жылы қабылдады, халықтың өз жерін жаудан қорғап, сол жолда өмірін пида еткен жауынгерлер ұрпақтарына деген ықыласы, қонақжайлығы өте жоғары екені байқалып тұрды. Біз баратын сельсовет қызметкерлері жұмыс уақыты аяқталса да бізді арнайы күтіп тұрды, ертіп апарып әкеміздің жатқан жерін көрсетті. Белорусь жерінде әр елді-мекенде қаза тапқан жауынгер зираты көп, сондықтан тура жолды білетін жолбасшы болмаса бірден табу қиын. Әкеміз жатқан жерді көргенде, көңіліміз босап, бір мезет есеңгіреп тұрып қалдық. Сауатымыз жеткенше құран дұғасын оқып, көңіліміз басылды. Әкеміздің жатқан жерін көре алмаған анамыз Күлзапия, бауырымыз Олжабай және туысқандарымыз үшін құран бақыштадық. Келе жатқанда жол бойы өскен теректер бізге әкемізді алыстан арнайы іздеп келіп, басына тәу етіп жатқанымызға ризашылық танытқандай болып көрініп тұрды.

Келесі күні Қазақстаннан арнайы келгенімізді естіген Белорусьтегі Қазақстан елшісі Асқар Асанұлы мырза бізді кездесуге шақырды. Елші өте жылы қабылдап, өз тарапынан ризашылығын білдіріп, біраз уақыт сұхбаттасты. Белоруссия майдангерлері туралы кітапты сыйға тартты. Қазақстаннан әкемізді іздеп арнайы келгенімізді естіген Белоруссия мұсылмандарының Бас имамы шейх Әбу-Бәкір қабылдады. Онымен жылы шырайлы пікір алыстық. Өз тарапынан Хатынь деревнясында болатын еске алу шарасына республика басшысы қатысатынын, оған, сондай-ақ, бүкіл діни конфессия қатысып ҰОС қаза болғандарға дұға оқитынын, сонда біздің әкемізге де дұға бақыштайтынын хабарлады. Әкеміз жерленген деревнядағы №4420 бауырластар зиратының күтімін қадағалайтынына уәде берді. Белорусь жерінде әкеміз Көшербай Тыныкеұлына деген құрметті тек оған емес, ҰОС қаза болған барық қазақстандық жауынгерлерге арналған деп қабылдадық. Әрине, біз де жергілікті азаматтарға өз тарапымыздан ризашылығымызды білдірдік. Қазақстан елшісі Минск қаласындағы Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне арналған музейге апарып, көп мағлұматқа кенелтті.



Қадірменді ағайын, мен сонау қиырдағы Белорусь жерінде мәңгілік дамылдыған әкеміздің зиратын іздеп тапқанымызды мақтан үшін жазып отырған жоқпын, әрине. Әр ұрпақтың бейбіт келешек үшін жат жерде опат болған майдангер ата-бабасын іздеп, басына тәу етуі парыз деп ойлаймын. Сондықтан, егер осы жөнінде кеңес, көмек керек болып жатса, қолұшын созуға әрқашан әзір екенімді білдіргім келді. Бауырлар, хабарсыз кеткен ҰОС боздақтарын іздейік. Сәттілік тілеймін!

**Серік ҚОЛДАНҰЛЫ,**
**Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы,**
**денсаулық сақтау ісінің ардагері**

*Суреттерде:*

**Көшербай немересі Берік Олжабайұлы, Серік Қолданұлы жауынгер әке жерленген зират басында;**
**Серік Қолданұлы және Белоруссиядағы мұсылмандардың Бас имамы, шейх Әбу-Бәкірмен сұхбат құруда;**
**Серік Қолданұлы, Қазақстанның Белоруссиядағы елшісі Асқар Асанұлы, Көшербай немересі Берік.**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# САЛТ-ДӘСТҮР ЖАҢҒЫРҒАН КҮН

***Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында көктем мерекесі Наурыз мейрамының мазмұнын байыта түсетін тұжырымдама жасауды ұсынған болатын.***



«Наурыз шуағы» мейрамын тойлауға арналған тұжырымдама аясында жоралғы күніне орай №2 үлгілі кітапхана-филиалы «Нұр себеле, нұр Наурыз!» атты салт-дәстүр кешін ұйымдастырды. Бұл күні әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер айшықталды. Ұмыт бола бастаған жоралғылар жаңғыртылды.

Наурыз – жаңа күннің бастауы. Табиғаттың жаңарып, тіршіліктің жанданып, ниеттің тазарып, жақсылықтың, ізгіліктің оянатын шағы.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеялық құндылықтарын іске асыруда Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын тойлаудың мәні жоғары.

Осыған байланысты кітапхананың оқу залы ұлттық нақышта безендіріліп, Наурыз мейрамына арналған «Нұр себеле, нұр Наурыз!» атты кітап көрмесі дайындалып, мерекелік дастарқан жайылды. Кітапханашылар ұйымдастырған салт-дәстүр кешіне жиналған қонақтар дастарқан басына жайғасып, Жоралғы күніне арналған іс-шараға белсене қатысты. Мейрамға арналған сұрақтарға жауап беріп, өлеңдер оқылып, ән айтылып, салт-дәстүрлер сахналанды. «Қазан шегелеу», «Наурыз сыйлық», «Асық ойнау» дәстүрлері көрсетілді. «Қазан шегелеу» дәстүрінде жақын туыс, әзіл-қалжыны жарасқан адамдардың үйіне екі-үш адам бірге барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Бұл олардың түстеніп, ет жеуге келгенін білдіреді. Үй иесі әзілмен жауап беріп: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік» деп қонақжайлық танытады, төрге шақырып, қонақасы берілді.

Бұл мейрамда ата-анаға, жақын туған-туысқа сый-сияпат жасап, «Наурыз сыйлық» әзірлейді. Осы мақсатта кітапханашылар да дайындаған сыйлықтарын қонақтарға тарту етті.

«Асық ойнау» – балалар ойнайтын ұлттық ойындардың бірі. Асықты кітапхананың оқырман балалары қызықтап ойнап, ата-әжелерін бір қуантты.

Шешен халқынан келген қонағымыз өз халқының Наурызда жасайтын амалдары жайлы айтып, «хингалш» атты тағамынан ауыз тигізді. Салт-дәстүр кеші кітапхананың тұрақты оқырманы Жеңіс атаның Наурыз бата беруімен аяқталды.

**Ақнұр ҚЫДЫРМАНОВА,**
**№2 үлгілі кітапхана-филиалының меңгерушісі**



# НАУРЫЗ – МЕЙІРІМ МЕН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

***Түркі халықтарына ортақ ұлық мереке әз Наурыз мерекесі биыл да Жезқазған шаһарында айрықша атап өтілді. Осымен екінші жыл қатарынан карантин шектеулеріне байланысты кісі қарасы жиналмай, сақтық шараларын барынша естен шығармай тойланған төл мерекеміз 22 наурыз күні бұрынғыдай табақ-табақ ет асылып, қазан-қазан наурыз көже таратылмағанымен айтарлықтай жұмыстар атқарылды. «Алаш» алаңына қос киіз үй тігіліп, ұлттық қолөнер туындыларынан көрме ұйымдастырылды. Солардың бір парасы Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының бастамасымен іске асты.***

Қай кезде де асыл қасиеттердің төресі саналған қайырымдылықтан Жезқазған жұрты кенде болған емес. Соның бір дәлелі – мереке қарсаңында әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көрсетілген көмек.

«Қазақмыс» корпорациясы «Jastar Bolashaq» жастар одағы бес шаңыраққа азық-түлік берді. Сондай-ақ тағы бір отбасының балаларын мектепке қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етті.

Аталған бастаманы Жезқазған байыту фабрикасының директоры, қалалық мәслихат депутаты Мұрат Бөрібаев та қостап, бес отбасының балаларына мектеп формасы мен киім-кешек сыйға тартты.

– Әрине, халық бұрынғыдай Алашахан даңғылына ақ қанат киіз үйлер тігіліп, мәре-сәре болып жататын кезеңдерді аңсайтыны анық. Дегенмен қауіпті дерт оған мүмкіндік бермей тұрғаны баршамызға мәлім. Десе де, Наурыз мерекесін отбасылық мереке ретінде үйде ата-ана, бала-шағамызбен қарсы алғанымыз да дұрыс. Төл мерекемізді думанды той қылып атап өтетін уақыт әлі алда деп ойлаймын. Әзірге халықтың, жақындарымыздың денсаулығы – басты орында, – деген жастар ресурстық орталығының маманы, ақын Ізтөлеу Түсіп барша жезқазғандықтарды Жаңа жылмен құттықтап, отбасыларына береке, істеріне табыс тіледі.

Мереке кезінде қаламыздағы «Бірлік» волонтерлар ұжымы да белсенділіктерімен көзге түсіп, ел алғысына бөленді. Қала тұрғындарына ұлттық тағамдар мен цитрустық жемістер таратқан волонтерлар мерекеге айшық қосты.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**




